Әз-Наурыз құтты болсын!

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№22 (3450) 18 наурыз 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, *Қазақстан Республикасының Президенті:*

«МЕМЛЕКЕТІМІЗДІ ҚОРҒАП ҚАЛУ – МЕН ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру» деп аталатын жолдауын жасады. Бұл көптен күткен тарихи сәт еді. Жолдауда отандастарымыздың көкейіндегі тағдыршешті сұрақтарға жауап беріп, өзекті мәселелердің нақты шешімі ұсынылды. Бұл ретте отыз жыл бойы елімізді кері тартып келген суперпрезиденттік жүйенің жаңа тұрпаттағы президенттік – парламенттік жүйеге ауысатыны, болашақ Президенттің шексіз құзыретке ие болмайтыны, оның туған-туыстарына мемлекеттік қызмет, квазимемлекеттік құрылымдарда қызмет етуге тыйым салынатыны белгілі болды.

(Соңы 3-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ

ШУАҚТЫ МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Судьялар қоғамдастығы атынан Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – Наурыз мейрамымен құттықтаймыз!

Суық күндерді артта қалдырып, жаңа жоспарлар құру үшін осы көктемді, Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамын үлкен үмітпен, тағатсыздана күттік. Өйткені, біздің халқымыз Наурыз мейрамын жаңа жылдың басы деп санаған, бұл кең даламыз бусанып, диқандар жаңа егін егуге кіріскен кез, малдың аузы көкке тиіп, айнала түрленген мезгіл.

Наурыз халықтың өмір сүру жағдайын жақсартуға ғана серпін бермейді. Бұл рухани бастама және ұлттық менталитеттің ерекше негіздерінің бірі. Оның гуманистік қағидалары айтарлықтай күшті болғандықтан, бұл күні соғыстар мен қақтығыстар тоқтатылған. Жағдайы ауыр жандарға көмек көрсетілген. Жаңа жылдың басталуымен халықтың бір-бірінен кешірім сұрауы әдетке айналды.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды, Наурыз мерекесінің өзіне ғана тән жақсылық пен ізгілік дәстүрлерін ескере отырып, БҰҰ Бас Ассамблеясы оны халықаралық күн деп жариялады. Соған орай Наурыз мейрамы адамзат өркениетінің тарих пен мәдениет саласындағы жетістіктері сақталатын ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген.

Бүгінгідей үлкен өзгерістер орын алып жатқан тұста бұл базалық құндылықтар мен қағидаттар ел өміріндегі ұйымшылдық пен ұлттық бірегейлікті сақтаудың шарты ретінде біз үшін бұрынғыдан да маңызды бола түсті. Сонымен қатар, қазіргі кезде біздің кәсіби міндеттеріміз – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мәселесі де барынша өзекті.

Мұндай сындарлы сәтте халқымыздың баға жетпес рухани мұрасы, жоғары адамгершілік пен мейірімділік идеялары бізге мықты тірек болары күмәнсіз. Дәл осы құндылықтарды қадірлей отырып, біз бір-бірімізді Жыл басы әз мейрамымыз Наурызбен құттықтап ізгі тілек жолдаймыз. Осы дәстүрлерді сақтап, жылы сөздер мен жылы тілектерді айтудамыз.

Наурыз мейрамы қиын кезеңдерді өткеруге көмек беріп, елімізге амандық, бейбітшілік пен тұрақтылық әкелсін, жүрегімізді көктемнің жылуы мен жасампаз қуатына толтырсын. Наурыз мейрамы құтты болсын!

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы

ТАҒЫЛЫМ

«ДӘСТҮРГЕ ЖОЛ» – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ НАСИХАТШЫСЫ

Дәстүр – әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасып, тарихи сүзгіден өткен құндылықтар қағидасы. Бүгінгі жаһанданған заманда ұлттық бірегейлікті ғана емес, бірлікті, татулықты сақтаудың бірден-бір жолы дәстүрді ұлықтап, жас ұрпақтың бойына сіңіру. Жалпы, дамудың, жаңғырудың қайнар көзі ұлттық кодта жатыр. Осыны терең түсінген Жапония өзінің самурайлық дәстүрін ұлттық идеяның қазығы етті. Соның арқасында ешқандай қазба байлығы болмаса да бұл ел бар болғаны жиырма жыл ішінде әлемдік өркениет көшінің алдына шығып, алып империяға айналды.

Тарихымызға қарап отырсақ, қазақ халқының өмірінде дәстүрдің рөлі заңға тең болған. Зерделей алған жанға Алатаудан Атырауға дейін созылған жерімізді мекендеген халықты сымсыз хабар алысып, кітапханасыз білім беріп, театрсыз өнерін дамытқан, дәрігерсіз денсаулығын сақтап, ұрпағын мектепсіз тәрбиелеген, түрмесіз тентегін тыйған дәстүрдің ғажайып күші айқын көрінеді. Ең бастысы бұл құндылықтар біздің халқымыздың бірлігіне, ынтымағына қызмет етті. Ұрпақ сабақтастығының теңгерімді түрде жүзеге асуына ықпалын тигізді. Баланың ана құрсағына түскеннен бастап жер бесікке дейінгі өмірі салт-дәстүріміз негізінде реттелді. Тоқетерін айтқанда, дәстүр біздің текті ұлт болып қалыптасып, ұлы далалық сән-салтанатымыз бен ен жайлауымыздың тұғыры болды. Дәстүрдің осынау миссиясын Әлихан Бөкейханов: «Халықтың ең күшті, қуатты құралы салт-дәстүрі» деп бағаласа, заң саласының бірегей маманы марқұм Нағашыбай Шәйкенов: «Халықтың салт-дәстүрі заңнан биік» деп көкке көтерді.

Өкінішке орай, осындай бай тарихқа, алып күшке ие қазақ дәстүрі Кеңестік саясаттың құрбанына айналды. Дәстүрдің халқымызды біріктіріп тұрған ғажайып қуат екенін бірден ұққан қызыл империя айтқанына көнгізіп, айдағанына жүргізу үшін осы құндылығымыздан айыруға күш салды. Мақсатына жетті де. Дәстүрі жойылған халықтың өзінің ұлт ретіндегі коды, бірегейлік қасиеті жойылады екен. Қазақ еркін ойлы, әділетсіздікке төзбейтін, имандылықты ұлықтаған халық болса, бүгінде кез келген саланың дерті болып отырған әділетсіздік, жемқорлық, тіліміздің босағада қалуы, қыздан иба, ұлдан ұяттың кетіп, үлкенге құрмет, кішіге ізеттің жоғалуы осы дәстүрден көз жазып қалған жылдардың салдары десек қателеспейміз. Бұл ойымыздың дұрыстығын философ ғалым Кеңшілік Тышқанның төмендегі пікірі қуаттай түседі:

– Рухани-мәдени, моральдық құндылықтар бұлжымайтындығымен құнды.

(Соңы 5-бетте)

КӨЗҚАРАС

Нұртөре ЖҮСІП,
Парламент Сенатының депутаты:

ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГТЫҢ БІРТҰТАС МОДЕЛІ

Президент Жолдауы – тарихи жолдау. Жаңа Қазақстан тарихы Түркістан облысынан кейін жаңадан Абай және Ұлытау облыстарымен толығатын болды. Бұған Алматы облысынан Жетісу атты жаңа аумақтық әкімшілік құрылым ірге ажыратқанын қосыңыз.

Мемлекет басшысы бұл шешімді қабылдар алдында азаматтардың нақты ұсыныс-тілектерін мұқият зерделегенін айтты. Көптен бері халықтың ойында жүрген, әр жерде айтылып, орындалуы созылып келе жатқан Семей мен Жезқазған өңірін түлету бастамасы ел-жұрттың көкейінен шықты десек те болады.

(Соңы 4-бетте)

БАСТАМА

Наурыз ықылым заманнан бері жыл басы ретінде қалыптасқан мейрам. Тіршілігі табиғатпен етене байланған бабаларымыздың кезінде Наурыз жылдың һәм жаңарудың бастауы саналған. Өйткені, қараңғылық қоюланатын түннің қысқарып, шуағын шашқан күннің ұзаратын сәтінің келуі тіршілік әлеміне тың серпін әкеледі.

КӨКТЕМНІҢ ӘР КҮНІ ЖЫЛҒА АЗЫҚ

Ақ түйенің қарны жарылған Ұлыстың Ұлы күні қазақ елі үшін қашанда қасиетті әрі киелі саналған. Бұл күні халқымыз ұлттық нақыштағы әсем ою-өрнекпен кестеленген көркем киімдерін киіп, бір-біріне деген өкпе-ренішті ұмытып, арқа-жарқа болып амандасып, төс қағыстырып, жүрек-жарды ізгі тілектерін ақтара айтқан.

Көктем «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін шағы» ретінде сипатталады. Бұл күні ата-бабаларымыз қыстан аман-есен шығып, көктемге жеткеніне, жержүзі жаңаратын жаймашуақ сәттің келгеніне шүкіршілік айтып, осы сәтті көпшілік болып мерекелеген. Айналаны, үйдің ішін тазартып, ағаш отырғызу, көше бойларында дастарқан жаю және түрлі ойын ойнау арқылы айналаны әнжырға бөлеген. «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» деп бір-біріне ақжарма тілегін ақтарған.

Ата-бабаларымыз «Амал күні» ретінде «көрісу дәстүрімен» Наурыз мейрамын мерекелеуді 14 наурызда бастаған. Себебі, қыс қатты болып, ауыл-ауылдың, туыс пен жекжаттың арақатынасы, байланысы үзілген. Сондықтан да «Самарқанның ақ тасы еріген» тұста қыстан дін аман шыққан адамдар бірін-бірі көктемнің келуімен құттықтап, көрісіп мәз-мейрам болған. Бір-бірінің жағдайын сұрап, қыста орын алған қиындыққа жұбаныш, қуанышқа құтты болсын айтқан. Бұл дәстүрдің бүгінге дейін жібі үзілмей жетуінің тарихи маңызы міне осында.

Шынында да Наурыз мейрамын мерекелеуді бірнеше күнге бөліп, көктемнің әрбір күнін әр түрлі игі іске арнап, азаматтарды осы істің басына топтастыру бұл жақсылықтың бастамасы. Бір күн көрісуге, достар, туыстармен қауышуға арналса, екінші күн тұрмысы төмен, жасы егде адамдарға көмек қолын созуға арналуы, сол сияқты қоғамды игі істің басына біріктіретін, адамдарға қуаныш сыйлайтын шараларды қолға алса жөн болар еді.

Қай халықты алсақ та, оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Салт-дәстүр сол халықпен бірге жасасып, оның тарихында өшпес із қалдырады. Ендеше, салтымыз санамызда мәңгілік жаңғырып тұруы үшін сол дәстүрлерді жаңғыртып, жандандырып, көпшілікке ұсыну керек.

Баршаңызды келе жатқан халқымыздың ең ұлы мейрамы, адам баласы мен табиғат ана қайта жаңғырып, түлейтін – әз-Наурызбен шын жүректен құттықтаймын.

М.ТҰРҒАНБАЕВ,
Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы

ТАРИХТАН ТАМ-ТҰМ

ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ

Әр мерекенің өз тарихы болатыны хақ. Наурыз мерекесінің тарихы ерте заманнан бастау алады. Кейбір деректерде мерекенің хронологиясы 5 мың жылды қамтиды. Зиялы қауым өкілдері Наурызды халықтық мереке ретінде сақтап қалуға тырысты. Осылайша, Тұрар Рысқұлов 1920 жылдың қаңтарында Ташкенттегі мұсылман халықтарының өкілі ретінде Түркістан Республикасының Орталық атқарушы комитетінің төрағасы болып тағайындалған соң, Наурызды мемлекеттік мереке деп жариялау туралы бастама көтерді де, 1920 жылғы 26 наурызда «Наурыз мейрамын тойлау туралы» бұйрыққа қол қойды.

Түркістан Республикасы 1924 жылға дейін өмір сүрді, содан кейін бірнеше ұлттық республикаларға бөлінді. Қазақстанда 1925 жылы Филипп Голощекин билікке келіп, большевиктер Наурызды «діни мереке» деп санағандықтан, мемлекеттік деңгейде тойлау тоқтатылды. Алайда, Наурыз мерекесінің дінге қатысы жоқ. Қанша тыйым болса да ақындар мен жазушылар мереке қарсаңында газеттерде Наурыз туралы мақалалар жазуды жалғастыра берді. 1926 жылдан бастап мерекені ресми түрде тойлау толығымен тоқтатылды, бірақ көпшілік Наурызды астыртын тойлауға мәжбүр болды. 1930-жылдардағы халықтық толқулардан соң қазақ халқының салт-дәстүрін, тіпті Наурыз мерекесін думандатып тойлау билік тарапынан Кеңес өкіметіне қарсылық ретінде қабылданды. Ресми түрде мерекеге тыйым салу туралы заңды күші бар құжат жарияланбағанымен, Кеңес өкіметі мерекенің тойлануын «шектен шығармауға» тырысты. Қазақстанда Наурыз 60 жылдан астам уақыт бойы ресми түрде тойланбады.

Дегенмен, Кеңес заманында, Наурыз мерекесі халық жадынан шыққан емес. Мысалы, мереке қарсаңында «Ленинші жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің нөмірі көк түсте шыққан. Газет редакторы Сейдахмет Бердіқұлов оны «көктем нөмірі» деп атағанымен, бұл «Наурыз» мағынасын білдірді.

Кеңес өкіметінің соңғы жылдарында Наурызды ресми түрде тойлау халық үшін маңызды оқиғалардың бірі болды. Михаил Горбачев КОКП ОК Бас хатшысы болып сайланғаннан кейін 1985 жылы «қайта құру» саясаты жарияланды және қоғамдық бастамаларды көтермелеу Наурыз мерекесін жандандыруға керемет мүмкіндік берді. Сол кезде Наурыз мейрамын тойлауға бастама жасаған қоғам қайраткерлері мен саясаткерлер туралы түрлі пікірлер бар. Олардың арасында 1988 жылы 9 ақпанда Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы болып сайланған Өзбекәлі Жәнібековтың орны ерекше. Мерекенің негізгі бастамашысы – Мұхтар Шаханов еді. Колбинге жазған хатында Мұхтар Шаханов 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін қазақтарға Наурызды тойлауға рұқсат берсе, онда халықтың билікке деген көзқарасы өзгереді деп сендірді. Колбиннің келісімінен кейін, қайта құру кезінде 1988 жылы Қазақстанда алғаш рет ресми деңгейде Наурыз мерекесі тойланды.

1991 жылғы 15 наурызда Қазақ КСР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Көктемнің халықтық мерекесі – Наурыз мейрамы» туралы Жарлығы шықты, онда 22 наурыз – мереке күні деп жарияланды. 2001 жылы Наурыз мемлекеттік мереке ретінде жарияланды. Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 2010 жылдан бері Қазақстанда Наурыз мейрамы 21-23 наурыз аралығында үш күн бойы тойланып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарарымен 2010 жылы Наурыз халықаралық мейрам мәртебесіне ие болды.

Аз уақыттың ішінде Наурыз дәстүрлі және халықтық мерекеге айналды. Бұл мереке көктемнің басталуын, жер мен табиғаттың жаңаруын ғана емес, сонымен бірге адамдарды бірлікке шақырып және отбасы құндылығын дамытады. Қазіргі уақытта Наурыз мерекесі қарсаңында қайырымдылық акциялары мен мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру белсенді жүргізілуде. Бұл күндері барлық жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыс ұйымдастырылады. Қорыта келгенде, ата-бабамыздан келе жатқан думанды Наурыз мерекесімен Сіздерді құттықтай отырып, «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» деп айтқым келеді! Ынтымақты елдің ырысы мол демекші, бірлігіміз бекем болсын!

Мадияр ТАШЕВ,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

МІНБЕР

ЖАҢА ҮМІТТЕР БАСТАУЫ

Наурыз – жаңа өмірдің қайнары. Наурыз – жаңа үміттердің бастауы. Бұл мерекені халықтың асыға күтетіні де сондықтан. Ұлыстың ұлы күні саналатын ұлық мейрамды ерекше бағалайтын, сән-салтанатпен атап өтетін тек біздің халық емес. Наурыз мейрамы әлемдегі барлық мұсылман халқына ортақ. Олардың әрқайсысы тіршілік түрленіп, Жер-Ана бусанып жататын осы бір кезеңді жаңа өмірдің басталуы деп түсініп, оны барынша есте қаларлықтай, нақышына келтіріп атап өтеді.

Біздің елімізде де әз-Наурыз өз деңгейінде атап өтіледі. Бұрынғымен салыстырғанда Наурызды мерекелеудің мән-маңызы айтарлықтай өзгерген. Бұл мереке кезінде қазір қазақтың салт-дәстүрін жаңғыртуға, ұлттық құндылықтарын дәріптеуге, халықтың тарихи мұраларын түгендеуге басымдық беріледі. Мұндай игілікті істен барлық сала шет қалмаған. Соның ішінде қазақстандық сот та бар.

Ақтөбе облысында әз-Наурыздың тарихын дәріптеп, ұлтымыздың бет-бейнесін даралайтын ерекшеліктерімізді таныстыруға көп көңіл бөлініп келеді. Соған орай тек Наурыз қарсаңында елімізге сыйлы, көргені көп қарияларды басқосуларға шақырып, тарихтан, салт-дәстүрден сарқыт алу әдемі үрдіске айналып келеді. Бір қуанарлығы, елдің шежіресін бес саусағындай білетін, тарихымызды тапжылмай отырып айтудан шаршамайтын абыз ақсақалдар арамызда аз емес. Міне сондай қазына қарттарымызды көзі тірісінде бағалап, елдің өткеніне қатысты білгендерін маржандай теріп, жазып алу парызымыз. Ақсақалдарды тыңдаған, олардың көсіле айтқан әңгімелеріне қанып өскен ұрпақтың да ұлтын сүйетін, отаншыл азамат болары күмәнсіз. Бүгінгідей ұл-қызымызды интернеттегі өзге елдердің фильм, мультфильмдері тәрбиелеп жатқан уақытта көнекөз қариялардың білгенін жазып алып, көпшілікке жеткізу кезек күттірмейді.

Бұрын Наурыз дегенде орталық алаңға жиналған қарақұрым халық елестейтін. Ондағы айтылатын ән, ойналатын ұлттық ойындар да баршамызға белгілі еді. Наурыз көжеден дәм татқан жұртта есеп болмайтын. Наурыз мерекесі дәстүрлерге бай. Әрбір мерекелік дастарқанға міндетті түрде ұлттық тағамдар, әсіресе, дәстүрлі наурыз көже қойылады. Қазақтар үшін наурыз көже – молшылықтың бастауы. Наурыз мерекесін тойлау барысында наурыз көжедегі құрамның саны ерекше мәнге ие, себебі, жеті – қазақтар үшін қасиетті сан, наурыз көже жеті тостағанға құйылып, дана ақсақалдардың алдына қойылады. Дәстүр бойынша әр адам өз үйінде қонақжайлылығын танытады. Ал қазір мерекені бірлік пен ынтымақты нығайтудың тетігі ретінде пайдалану белең алуда. Бұл жақсы үрдіс. Өйткені, бір жылдан бір жылға аман жеткеніне бар адамның шүкір етері түсінікті. Наурыз қарсаңында азаматтардың осы ізгі тілегін жақсы іске, қайырымдылыққа бұрудың маңызы зор. Соның арқасында қазір Наурызда барымен бөлісіп, айналасына қайырымдылық жасайтын, көмек күткендерді қолтығынан демеуге тырысатындардың көбейгені қуантады. Яғни, Наурыз – жақсы істердің, қайырымдылықтың көзіне айналып отыр.

Наурызды кешірім, бауырмалдық айы деп айтуы да тегін емес. Себебі, бабаларымыз осы айда бұрынғы өкпе-ренішін ұмытып, жақындарымен табысуға, кешірім жасап кеңдік пейілін көрсетуге тырысқан. Бұл жаңа жылды жақсылықпен, ренішсіз бастауға жасалған қадам болса керек.

Наурыз мейрамының ұлттық киім үлгілерін жаңғыртқанын айта кеткеніміз жөн. Қазір ұлттық нақышты пайдаланып түрлі сәнді киімдер тігетін отандастарымыз көп. Олар ұсынған сән үлгілері кімнің болсын көңілінен шығары анық. Заманауи талаптарды ескере отырып тігілген ұлттық киімдерді енді тек мереке, той күндері емес, күнделікті өмірде де киіп жүруге болады. Соның ішінде судьялардың мантиясына да ұлттық болмысымызды айшықтау мақсатында қазақтың оюы пайдаланылғанын айта кеткеніміз жөн. Мұндай ынта-ниет болған жерде қазақтың салты, дәстүрі, ұлттық болмысы мәңгі жасай бермек.

Осындай жақсы істерге жаршы болып келе жатқан әз-Наурыз құтты болсын! Бірлігі мықты еліміздің іші даудан, сырты жаудан аман болғай.

Д.ХАМИЕВ,
Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БАҒДАР

ӨЛМЕС МҰРА, ӨШПЕС ДӘСТҮР

Ғаламның әр елінде сан түрлі дәстүр бар. Ел болып отыз бірінші желтоқсандағы жаңа жылды тойлағанымызбен, қазақтың, күллі түркі елдеріне ортақ әз-Наурыздың орны бір бөлек.

Бұл күн жай мейрам емес, ел-жұртты тәрбиелейтін мереке. Өздеріңіз байқасаңыздар, наурыз мерекесінде реніштен мұз болған жүректер жібіп, керіскендер татуласып, бір-бірінің үйіне қонаққа барып, әлемдегі ең дәмді, пайдалы тағамның бірі наурыз көжеден дәм татады. Осыдан-ақ, бұл тек дастарқан басында сауық құратын емес, алысты жақындастыратын, сыйластықты молайтатын мереке екенін ұғуға болады.

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі өзгерген жоқ. Адамдар мерекеге алдын ала мұқият дайындалады: үйлерде, аулаларда және көшелерде жалпы тазалық жұмыстарын ұйымдастырады, қолдағы барлық киімдерді міндетті түрде жуып, қарызын өтейді. Мерекенің ең маңызды күні – 21 наурыз. Бұл күні мерекелік дастарқан жайып, барлық таныстарды, көршілерді шақырып, сыйлау әдетке айналған.

Наурыздың дәстүрін, жоралғыларын сақтауда ақсақалдардың рөлі зор. Олар атадан балаға қалған мұраны жетік меңгергендіктен, ненің қалай екенін қазіргі жастарға кеңес ретінде айтып отырады. 2009 жылы ЮНЕСКО бұл мерекені адамзаттың мәдени мұрасы тізіміне енгізген болатын. Сол кезден бастап ол «Халықаралық Наурыз күні» деп аталады. Бұл мереке көптеген шығыс халықтарының ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Мадина ЖҮСІПБЕКОВА,
Қызылорда қаласының №2 сотының кеңсе меңгерушісі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ***Қазақстан Республикасының Президенті:***

«МЕМЛЕКЕТІМІЗДІ ҚОРҒАП ҚАЛУ – МЕН ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоғарғы аудиторлық Палата құрылып, олардың Мәжіліс алдында жылына екі рет есеп беретіні де осы жолдаудың көпті қуантқан тың жаңалығы. Өз алдына дербес Абай, Ұлытау, Жетісу, Алматы облыстарының ашылатыны да тарихи шешім. Яғни, бұл жолдаудың мән-маңызы айрықша. Енді жекелеп тоқталайық.

Қаңтар оқиғасына кінәлілер толық жазасын алады

Мемлекет басшысы бұл жолдауында алдымен қаңтар дүрбелеңі жайлы мағлұмат беріп, Ұжымдық шарт ұйымынан әскер алдырудың себебін түсіндірді. Президенттің айтуынша, бұл қанды оқиға теріс пиғылды адамдардың мемлекеттік төңкеріс жасамақ ниетінен туған. Соңғы жылдары Қазақстанда елді түбегейлі жаңғыртуға, трансформациялауға бағытталған реформалар қабылданып, түрлі салада ауқымды өзгерістердің басталуы кейбір ықпалды адамдарға ұнамады. Олар жылдар бойғы заңсыз әрекеттерін одан әрі жалғастыру үшін неғұрлым жоғары билікке ие болуды көкседі. Сол үшін кәнігі қылмыскерлер, қарулы бандылар мен опасыз шенеуніктер бірігіп, астыртын топ құрды. Сыртқы жауларымыз өзара ымыраласып, билікті басып алғысы келді. Бұл үшін халықтың наразылық шеруін басқа арнаға бұрып, жұртты қасақана арандатты. Мұны шетелдегі радикалды күштер өз мақсатына пайдаланғысы келді. Олар Қазақстанды қақтығыс алаңына айналдырып, елге ойран салмақ болды. Президентті биліктен кетіргісі келді. Төңкеріс жасауға ұмтылғандардың арасында жоғары лауазым иелері, әскери және арнаулы органдар басшылары да бар. Олар күштік құрылымдардың заңға сәйкес қимылдауына кедергі келтірді. Соның салдарынан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымынан көмек сұралды. Сол күндері қатаң әрі шұғыл шара қабылдаудан басқа амал қалған жоқ. Енді кімнің қандай лауазым иеленіп отырғанына, қоғамдағы орны қандай екеніне қарамастан осы қайғылы оқиғаларға кінәлі адамдар түгелдей лайықты жазасын алады.

Реформаны атақ үшін жасаудың қажеті жоқ

Елдегі қолға алынған жүйелі өзгерістерге қаңтар оқиғасы кедергі келтіре алмайды. Керісінше, олар қоғамның барлық саласында тың сипатпен қарқын алады. Мемлекет басшысы осы ретте қанды қаңтардың орын алуына еліміздегі тоқыраудың салдары әсер еткенін мойындады. Оның айтуынша, бұл тығырықтан шығу мақсатында реформалық өзгерістер екі ай бұрын белгіленген. Алайда, сарапшылар мен мемлекеттік қызметшілер қаупінен соң кейінге қалдырылыпты. Мемлекет басшысы реформаны тек атақ үшін жасаудың қажеті жоқтығын, халыққа көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керектігін атап көрсетті. Экономикадағы, саясаттағы жасанды монополияларды түбірімен жойып, оның орнына ашық әрі әділ бәсеке орнатудың өзектілігін мәлімдеді. Осыған орай бірнеше заң жобасы әзірленетін болды. Оның алғашқысы – суперпрезиденттікті жоюға бағытталмақ. «Қасіретті қаңтар» мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтетінін, олардың мемлекетті жеке меншігі сияқты көре бастайтынын көрсетті.

Саяси үстемдікке шектеу қою қажет. Осы орайда Президенттің өкілеттігін атқару кезеңінде партияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті екені заң жүзінде ресімделуге тиіс. Бұл норма саяси бәсекені арттырып, барлық партияның дамуына бірдей жағдай жасайды. Еліміздің болашақтағы көшбасшыларын негізгі саяси институттарды өзіне бағындырып алуға құмарлығына шек қойылады. Сонымен қатар, Орталық сайлау комиссиясының, Есеп комитеті мен Конституциялық Кеңес төрағасы және мүшелері міндетті түрде партиядан шығуы керек деген норма да заңнамаға енгізілмек. Әкімдер мен орынбасарларына партия филиалдарында да лауазым иеленуге заң жүзінде тыйым салынады. Мұндай шешім көпполюсті партиялық жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді деген үміт бар.

Парламент Мәжілісі – бақылаушы ұйым

Президент өкілеттігі қысқарғанымен, Парламенттің рөлі айтарлықтай артатын болды. Яғни, халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктелмек. Осы орайда Мемлекет басшысы Сенатты жасақтау тәртібін және оның бірқатар функциясын қайта қарау қажеттігін атап көрсетті. Президенттің Сенаттағы квотасы 15-тен 10 депутатқа дейін азаяды. Қазақстан халқы Ассамблеясына Мәжілістен квота берілмейтін болды. Ол Сенатқа ауысып, 9-дан 5 депутатқа дейін кеміді. Жалпы Сенат әр өңірдің мүддесін қорғайтын палатаға айналуы тиіс. Соған сәйкес оның өкілеттігін реформалау қажет. Елімізде көптеген ауқымды жоба, бағдарламалар бар. Бірақ, түрлі себептерге байланысты оларды жүзеге асыру барысы көңіл көншітпейді. Сондықтан Парламент республикалық бюджеттің сапалы орындалуына бақылауды күшейтуі қажет. Тиісінше, Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құру ұсынылды. Оның төрағасы Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп беруге тиіс. Осылайша, Мәжілістің мәртебесі арта түседі. Сондай-ақ, мәслихат ықпалын барынша күшейту үшін облыс әкімдерін тағайындау тәртібін өзгерту қажет. Осы ретте, заңнамаға Президенттің облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатураны баламалы негізде ұсыну құқығын реттейтін түзетулер енгізілетін болады.

Саяси жаңғыру өзегі – сайлау жүйесі

Саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру болса, бұл сайлау үдерісі арқылы жүзеге аспақ. Партиялық тізіммен сайлау халықтың сайлауға деген қызығушылығын төмендетіп жіберді. Сайлауды керек қылмайтын адамдар қатары көбейді. Олар өздерінің дауысы маңызды екеніне, ел өмірін жақсартуға ықпал ете алатынына сенбейтін болды. Ақиқатында қазір жұрт депутаттарды аса тани бермейді. Осындай жағымсыз жайтты жою үшін аралас сайлау жүйесі енгізілмек. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасақталады. Бұл сайлау үлгісі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әрбір аймақ Парламенттің төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Осылайша көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске келуіне жол ашылады. Сондай-ақ, аудан, қалалардағы сайлау толығымен мажоритарлық жүйеге көшіріледі. Мемлекет басшысының айтуынша бұл жергілікті жерде бәсекелі саяси орта қалыптастырып, елдің алдында беделді, жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады.

Конституциялық сот құрылады

Мемлекет басшысы жолдауында ерекше тоқталған салалардың бірі – құқық қорғау жүйесі болды. Бұл орайда елімізде Конституциялық Сот құрылатыны жарияланды. Президент мұны әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам деді. Өйткені, Конституциялық Сот азаматтар мен заңды тұлғалардың заңды құқы мен мүддесін қорғау деңгейін арттыратын болады. Қазіргі таңда еліміздегі заң актісі мен шешімнің Ата Заңға сәйкестігін анықтауда кедергі бар. Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық Кеңес түсіндіреді. Бірақ, азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды. Көптеген мемлекетте Конституциялық Сот институты бар. Оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз ететінін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Мемлекет басшысы Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық Сотқа жүгіну мүмкіндігін беруді ұсынды.

Өлім жазасы болмайды

Мемлекет басшысының азаматтар құқығын қорғау мәселесіне айрықша мән беріп келе жатқаны белгілі. Еліміз 2020 жылы өлім жазасына тыйым салуды көздейтін Азаматтық және саяси құқықтар туралы екінші факультативтік хаттамаға қосылды. Ал былтыр Президент бұл саланы ұзақ мерзімде және кешенді түрде дамытуға бағытталған арнайы жарлыққа қол қойды. Ендігі кезекте өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажет. Сонымен қатар азаптауға байланысты қылмыстарды тергеу ісінде жүйелі ұстаным болуы маңызды. Қазіргі таңда осы мәселеге жауапты нақты бір орган жоқ. Жолдауда бұл құзыретті Бас прокуратураға беру ұсынылды. Бұл ұстаным тергеудің объективті және бейтарап жүргізілуін қамтамасыз етіп, құқық қорғау саласындағы бассыздықты жазасыз қалдырмау қағидатын бекіте түседі.

Қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау да бүгінгі таңда қоғам назарында тұр. Мемлекет басшысы бұған да тоқталып, отбасы-тұрмыстық қатынас саласындағы құқық бұзушылықтарға тиімді қарсы тұру маңыздылығын атап өтті. Бас прокуратураға қоғам белсенділері айтып жүрген әйелдер мен балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендердің жазасын қатайту, мұндай құқық бұзушылықтарды қылмыс санатына жатқызудың қаншалықты дұрыс екендігін анықтауды тапсырды. Бұл құзырлы орынға сонымен қатар Прокуратура және Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заң дайындау да міндеттелді. Президенттің айтуынша, олар заң тәртібін күшейту және құқық қорғау қызметін ұдайы жетілдіру үшін қажет.

Сот билігі тәуелсіз болу керек

Президент сот жүйесіне қатысты да нақты тапсырмалар берді. Заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін барлық деңгейдегі соттардың шын мәніндегі тәуелсіз, ашық және кәсіби болуының маңыздылығын атап көрсетті. Кадр іріктеудің жаңа жүйесі мен сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуде Жоғары Сот Кеңесінің жұмысын жетілдіру қажеттігіне назар аударды. Кеңестің қызметі қоғам үшін толық жариялы болуы үшін ұйымның конкурстық рәсімдерінен онлайн трансляция жасауды ұсынды. Сонымен қатар, мұндай конкурстардың қорытындысын нақты дәлелмен түсіндіріп, жариялап отыру қажет. Сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашатын Алқа билер сотының да одан әрі дамытылып, оларға берілетін істер санатының кеңейетіндігі белгілі болды.

Бәсекеге қабілетті БАҚ: ол қандай?

Қайта қаралатын заңдардың бірі Бұқаралық ақпарат құралдары туралы құжат болмақ. Өйткені, жолдауда журналистерге қатысты да нақты міндеттер айқындалды. Бұл орайда негізгі басымдық бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайтуға жасалды. Сонымен қатар, БАҚ-тың еркін болуы, бұл талаптың қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды екендігі айтылды. Президент атап өткендей отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуы тиіс. Себебі, еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты. Ашық ақпараттық кеңістік пен сұранысқа ие әрі пәрменді ақпарат құралын құру заман талабы. Осыны айтқан Президент БАҚ билік пен халықтың арасындағы тиімді байланыс арнасы бола отырып, елдегі қордаланған мәселелерді көтеруге міндетті екенін және мұны жоғары азаматтық жауапкершілікпен жасау керектігін мәлімдеді. Өйткені, тәуелсіз әрі жауапкершілігі жоғары журналистика болмаса, қоғамды одан әрі демократияландыру мүмкін емес. Сондықтан мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарау керек.

Тарихи жерлерге облыс мәртебесі берілді

Жаңғырудың бір парасы еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымына қатысты айқындалды. Мемлекет басшысы бұл орайда қуатты ел болудың алғышарты өңірлерді дамытуға жол ашатын әкімшілік-аумақтық құрылымды оңтайландыру жөніндегі бастама екенін атап өтті. Қуаныштысы халықтың қалауына сай бірқатар облыстың құрылатындығы белгілі болды. Атап айтар болсақ, Семей қаласы жаңа облыстың орталығына айналды. Кезінде Алаш арыстарының басын қосқан Семей қаласының жағдайы бүгінде қиындап кеткені белгілі. Демек, бұл шешім тарихи әділдікті орнатып, ұлыларымыз дүниеге келген киелі өлкені қайта жаңғыртуға жол ашары сөзсіз. Сол секілді Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысы құрылып, Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы мәртебесін иеленді. Мемлекет басшысы мұны экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім деп атап көрсетті. Өйткені, кең байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың төл тарихымыздағы орны ерекше. Ел тағдырына қатысты ұлы жиындар өткен бұл аймақтың туристік әлеуеті өте зор. Оның өндірістік қуатын, логистикалық мүмкіндігін де ұтымды пайдалану керек. Алматы агломерациясына қатысты түйткілдерді шешу үшін де осы бағыт таңдалды. Себебі, бұл облыс тұрғындары негізінен қала төңірегіне шоғырланған. Ұзынағаштағы немесе Талғардағы мәселені сонау Талдықорғанда отырып шешу оңай емес. Осы жағы ескеріліп, Алматы облысын екіге бөлу ұсынылды. Енді бұл өңірде Жетісу және Алматы облыстары құрылады. Алматы облысының орталығы Қапшағайда, Жетісу облысының орталығы Талдықорғанда орналаспақ. Бұл қадамдар аймақтарды дамыту ісіне тың серпін берері анық. Жалпы, әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетеді.

Теңге тұрақтылығы – дағдарысқа ұрынбау кепілі

Жолдауда қамтылған негізгі мәселенің бірі геосаяси ахуалдың қатты ушығып кетуіне байланысты Қазақстанда бұрын-соңды болмаған қаржылық-экономикалық қиындықтардан шығуға бағытталды. Мемлекет басшысының айтуынша жалпы әлемдік нарықта белгісіздік пен тұрақсыздық өршіп, өндірістік және сауда жүйелерінің күйреп жатқаны байбалам салуға негіз емес. Өйткені, елімізде ауқымды дағдарысты еңсеруге қажетті резервтер мен амал-тәсілдің бәрі бар. Тек Үкімет дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамасын тез арада жүзеге асыру керек. Ең алдымен, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету басымдыққа ие. Бұл – біздің экономикалық қауіпсіздігіміздің негізгі факторы. Сондықтан Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі осы бағытта шешуші шаралар қабылдауы керек.

Тоқетерін айтқанда, бұл жолдау еліміздің ұзақ мерзімді дамуын қамтыған стратегиялық маңызды құжат болды. Ондағы әрбір бастама ел мүддесі үшін Мемлекет басшысының өз мойнына алған жауапкершілігінің салмағын аңғартты. «Маған елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ. Қызметіме түрлі адамдардың беретін бағасынан гөрі, мемлекетімізді қорғап қалу – мен үшін аса маңызды міндет. Осы жолда жауапкершіліктің бәрін мойныма алуға дайынмын!» деген толғанысқа толы сөзі енді жерде барлық шешімнің әділет тұрғысынан жасалатындығына сендірді. Лайым осы үміт алдамағай.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Нұртөре ЖҮСІП,
Парламент Сенатының депутаты:

ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГТЫҢ БІРТҰТАС МОДЕЛІ

Біз бұдан нені аңғарамыз? Абай облысын құру – Алаш рухын асқақтату! Тәуелсіздік жолында азаттық бесігі болған өңірді қайта түлетудің рухани маңызы өте жоғары. Бұл Абай жолымен жүру деген сөз. Алаш азаматтары орда тіккен орынды жандандыру.

Сол секілді бұрынғы Жезқазған аумағында Ұлытау облысын құру «бұрын мемлекет болмаған» деп жүргендерге дипломатия тілімен берілген салмақты жауап. Бұл да тарихи шешім. Өйткені, «Ұлық ұлыс» деп атап жүрген Жошы ханның иелігіндегі қазіргі қазақ жері мемлекеттіліктің бастауы болған өңір.

Қазақтың ішкі аймақтары талай жылдан бері назардан қағыс қалып келді. Соның салдарынан әлеуметтік проблемалары да қордаланып қалды. Ендігі таңда Қазақстандағы урбанизация, ішкі көші-қон саясатында айтарлықтай өзгерістер болады. Үлкен қалаларға қарай ағылған жұрттың легі толас табады. Әр өңір қуатты аймаққа айнала бастайды. «Күшті Қазақстан» жобасы осындай іргелі өзгерістер арқылы жүзеге асады деп сенеміз!

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында қазақтың «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген нақыл сөзін келтірді. Президент бұл ретте неге «Дала демократиясы» деп отыр? Бұл Қазақ Елінің мемлекеттілігін айғақтайтын дәлел. Кез келген елдік, мемлекеттік мәселе халықтың қатысуымен шешілген. Президент Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрған болатын. Бұл құрылым өз міндетін табысты атқарды. Енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құру ұсынылды. Жаңа құрылым Ұлттық кеңестің қызметін жалпыхалықтық деңгейде жалғастырады. Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, билік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналатын болады.

АЙТАРЫМ БАР

Ақылбек КҮРІШБАЕВ, Парламент Сенатының депутаты:

БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕНІМДІ АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі жолдауында еліміздің одан әрі саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңғыруының басты бағдарын айқындап, жаңа әділ қоғам – жаңа Қазақстанның базалық институттарын қалай құру керектігі туралы айтып берді.

Ең алдымен, біз суперпрезиденттік басқару формасынан күшті парламенті бар президенттік республикаға көшетінімізді атап өткен жөн. Бұл билік институты мен елдің тұрақты дамуының оңтайлы теңгерімін қамтамасыз етеді. Мұндай саяси жүйе кезінде Қазақстанда жеке тұлғаға табыну, билікке деген фаворитизм мен монополия болмайды деп ойлаймыз.

Енді Мәжіліс депутаттары сайлаушылармен тікелей сайлау арқылы ішінара мажоритарлық негізде сайланатын болады. Депутаттарды партиялық тізімдер бойынша ұсынуға қатысты бұл жерде де прогрессивті демократиялық өзгерістер болады. Саяси партияларды тіркеу айтарлықтай жеңілдетіледі, оларды қалыптастырудың картельдік қағидаты ұмытылмайды, яғни, партияның сайлаудағы жеңісін тек бәсекелестік айқындайды.

Президент партия мүшесі болудан бас тарту туралы дана шешім қабылдады. Бұл партиялық жүйені қалыптастыру кезінде ашық бәсекелестік күреске кепілдік береді. Әкімдер мен олардың орынбасарларына партия филиалдарында қызмет атқаруға тыйым салуды заңнамалық тұрғыдан бекітуді аса маңызды деп санаймын.

Сенаттың жұмысын іштей білетін сенатор ретінде Мемлекет басшысының қос палаталы Парламентті неге қолдағаны маған түсінікті. Ол Парламент депутаттарының саны туралы емес, олардың жұмыс сапасына қатысты болып отыр. Біздің атқарушы билік жұмысындағы басты проблема ел бюджетіндегі қаражаттың жетіспеушілігі емес, оларды тиімді пайдалануға байланысты деп санаймын. Қарапайым тілмен айтқанда, егер әр депутат Үкіметке оның жұмысының әлсіз жақтарын көрсетіп, экономиканы тиімді басқаруға мәжбүр етсе, онда біздің өміріміз әлдеқайда жақсы болар еді. Менің ойымша, Президент біздің қоғамымыз үшін дәл осындай ықпалды Парламентті қалыптастыру үшін қажетті негіз қалайды.

Қазір біздің азаматтарымыздың мемлекеттік билікке деген сенімін арттыру аса маңызды. Сондықтан басталған өзгерістерді тоқыратпай, Президенттің бағытын бүкілхалықтық қолдау қажет. Сондай-ақ, жайлы жерге отырып алып бәрін түгелдей сынға ала бермей, әрқайсысымыздың нақты істе белсенді болуымыз ауадай қажет.

ЛЕБІЗ

Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВ,
Алматы облыстық мәслихатының хатшысы:

ЖОСПАРДЫҢ СӘТТІ ОРЫНДАЛУЫ ӨЗІМІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жолдауында алдағы уақытта жүзеге асырылуы тиіс реформалардың жаңа бағдарламасын ұсынды.

Жолдауда көтерілген маңызды өзгерістердің бірі – мәслихат хатшысы лауазымының төраға болып өзгеруі, бұл өз кезегінде өңірлердегі өкілді органның рөлін күшейтіп, жергілікті өзін-өзі басқару институтының жұмысына жаңа леп береді.

Депутаттар сайлауалды бағдарламасын орындамаған жағдайда депутаттық мандаттан шығару, депутаттар сайлауының 70/30 қағидасы, әкімдерді сайлау бойынша мәслихат шешімдерінің рөлін арттыру – бұл мәслихаттарға үлкен жауапкершілік жүгін артады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасының жарқын белгісі ретінде Президент бірқатар жаңа облысты, оның ішінде Ұлытау, Абай, облыстарын құрып, агломерациялық мәселеге байланысты Алматы облысы Талдықорған және Жетісу облысы деп екіге бөлінді. Бұл шешім тұралап қалған өңірлерді қайта жаңғыртуға және әлеуметтік-экономикалық дамуға оң серпін берері анық. Осы арқылы жаңа жұмыс орындары құрылып, өнеркәсіп өндірісінің өркендеуі секілді экономикадағы маңызды салалардың қарқын алуына мүмкіндік туады. Сондай-ақ, ұлыларымызды ұлықтау ұлы іс екенін жас ұрпақтың есіне сала отырып, халықтан ұсыныс түссе Дінмұхамед Қонаевтың есімін Қапшағай қаласына беруді қолдайтынын алға тартты. Бұған үлкен игі іс.

Қазіргі таңдағы басты міндетіміз – мықты жоспарды сәтті жүзеге асыру. «Көп түкірсе – көл» демекші, Президентіміздің айналасына топтасып, ел іргесін бекітіп, мемлекеттің ілгерілеуіне атсалысу баршамыздың парызымыз.

ПІКІР

Марат САҒЫМБЕК, Алматы облысы, Панфилов ауданының әкімі:

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қазақстан жаңа даму кезеңіне бет бұрды. Халық басқарушы биліктен ашықтықты, тұрақты дамуды, жүйелі тыныштықты, бәсекеге қабілетті экономиканы, әділетті қоғамды талап етеді.

Президент Қ.Тоқаевтың «Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауы көпшіліктің көңіліндегі осындай көп сауалдарға жауап береді. Мемлекет басшысының «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты саяси, құқықтық, мәдени, бұқаралық, әлеуметтік, экономикалық бағыттардың дерлігін назардан тыс қалдырмапты.

Көтерілген көп мәселенің ішінде аймақтардың тұрмыс сапасын жақсарту, азаматтардың мемлекеттік басқару ісіндегі рөлін арттыру, өңірлерді дамыту, мажоритарлы жүйеге көшу бастамаларының айтылуы – замана тудырған үдеріс еді.

Әділ бәсеке, адал қызмет ғана абыройға бөлейді. Бұл ретте, халық қашанда өзі таңдаған, өзі сенім артып, үлкен міндет, елдік парыз жүктеген азаматына сенеді. Елдің осындай таңдау құқығы бұған дейінгі басқару жүйесінде көп ретте жүзеге аса бермейтін. Халық пен билік арасындағы бұл алшақтық бұқараның азаматтық қоғам қалыптастыруға, әділ сайлауға деген ынта-ықыласын бәсеңдеткен. Бұл ретте Президент алдағы уақытта азаматтардың таңдау құқығы ескерілетінін айтты, мемлекетті басқару ісіндегі сайлау үдерісінде қарапайым азаматтардың да белсенділігін арттыратынын жеткізді. Оңды өзгеріске қатысты Қ.Тоқаев: «Саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру. Мен аралас сайлау жүйесіне көшуді ұсынамын. Сол кезде барлық азаматтардың құқығы толық ескеріледі. Пропорционалды-мажоритарлы үлгіде сайлаушылардың мүддесі ұлттық және өңірлік деңгейде толық көрініс табады. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасақталатын болады. Сонымен бірге аралас сайлау үлгісі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Сайлаудың осы тәсіліне оралу біз үшін өте маңызды» – деген Мемлекет басшысы осы қадамдар арқылы көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік берілетінін, аудандар мен қалалардағы сайлауды толығымен мажоритарлық жүйеге көшіретінін ерекше атап айтты. Бұл жергілікті жерлердегі адал, саяси бәсекені дамытады, жаңа тұлғаларды алға шығарады.

Жолдау барысында көпшіліктің көңілін марқайтқан тағы бір мәселе – «Қуатты өңірлер – қуатты ел» ұстанымы. Бұл ретте, ел аймақтарындағы өзекті тұрмыстық мәселелердің назарға ілінуі қамкөңіл жұрттың болашаққа деген үмітін үрлегендей.

Мемлекет басшысының бастамасымен республикада алдағы күндері үш жаңа облыс бой көтереді. Абай, Ұлытау, Жетісу – енді халық өсімі мен жаңа инновациялық даму қарқынына ілесе алмай келе жатқан өңір инфрақұрылымын алға жылжытып, тозып кеткен аймақ мәселелерін шешеді.

Әкімшілік-аумақтық мәселелердің жаңа жолдауда кеңінен талқыға ұсынылуы да үлкен өзгерістердің алғышарттары іспетті. Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру билік тарапынан көтерілуі тиіс өзекті тақырыптардың бірі еді. Президент жаңа жолдаудың тоғызыншы бөлігінде осы мәселеге айрықша тоқталды. «Билікті орталықсыздандыру үдерісін тереңдете түспесек, саяси жаңғыруды табысты жүргізу және азаматтық қоғамды дамыту мүмкін емес. Біз нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беру ісін жалғастырамыз. Ең алдымен, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының міндеттерін тиімді ажырату қажет. Саяси жаңғыру аясында мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буынына айналуға тиіс. Бүгінде олар жергілікті мемлекеттік басқару әрі жергілікті өзін-өзі басқару институты ретінде гибридті сипатқа ие болып отыр. Сондықтан мәслихаттардың өкілеттігін нақты белгілеу қажет. Өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қараған жөн. Қазіргі кезде ауылдық округтер жоғары тұрған әкімдерге толығымен тәуелді. Сондықтан мардымсыз қолдауға ие болуда. Әкімдер сайланатынын ескеріп, халықаралық озық тәжірибеге сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізген дұрыс болар еді. Сондай-ақ, олардың меншік базасын едәуір кеңейту қажет. Олар елеулі ресурстар иеленген соң ахуалға ықпал етеді, сонымен қатар жауапкершілік алады. Олай болмаған жағдайда, бұл өзін-өзі басқару емес, жай ғана алдамшы нәрсе болып шығады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін мемлекеттік сатып алу тәртібін жеңілдету, бюрократия мен формализмді жою маңызды қадам болмақ» – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің нығаюы Мемлекет басшысы айтқандай, «өңірлерді дамыту, масылдық көңіл-күйді төмендету және еліміздегі демократиялық өзгерістерді орнықтыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады».

ІС-ШАРА

МЕКЕМЕДЕГІ МЕРЕКЕ

Алматы қаласының ҚАЖ департаментіне қарасты ЛА 155/6 мекемесінде кәмлетке толмаған сотталғандар арасында «Ұлыстың ұлы күні әз-Наурыз!» мерекелік іс-шарасы өтті.

Мерекелік кешке Құрманғазы атындағы ҚазақҰлттық консерваториясынан арнайы қонақтар келді. Қазақтың салт-дәстүрін дәріптеу, ұмытыла бастаған құндылықтарды жаңғырту кез келген азаматтың міндеті, парызы. Ұйымдастырылып отырған іс-шара да осындай мақсатты көздеді, әрі сотталған жасөспірімдерге ізгілікті, мейірімді дәріптеді, азаматтардың ұлттық мұраларға деген қызығушылығын қалыптастыруға күш салды. Наурыз күллі мұсылман халықтары асыға күтетін ұлық мереке. Наурызбен бірге ырыс келеді, құт береке дариды деп есептейтін халық мерекені ерекше атап өтеді. Мекемедегі наурыз іс-шарасы да жазасын өтеп жатқандар арасындағы ынтымақ-бірлікті, мәдениеттілікті нығайтады және оларды әдептілік пен ізетке баулиды.

Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының қызметкерлері де мереке көркін қыздырып, оркестрде домбырамен күйлер орындады. Алысқа әуелеген күмбірлі күй көпшілікті әдемі әсерге бөледі.

Әз-Наурызбен бірге әдемі әуендерімен жазасын өтеушілерге көңілді мереке сыйлаған Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының қызметкерлеріне мекеме бастығының орынбасары, әділет подполковнигі Нуржанова Гүлшат Ықыласқызы алғысын білдіріп, шынайы тілектерін арнап, Алғысхат табыс етті.

Іс-шара соңында жазасын өтеуші жасөспірімдер түскі асқа арнайы дайындалған наурыз көжеден дәм татты.

Е.ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

ТАҒЫЛЫМ

«ДӘСТҮРГЕ ЖОЛ» – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ НАСИХАТШЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол ғылым мен технология сияқты өзгермейді. Үлкендерге құрмет, адамгершілік, имандылық, біреудің ала жібін аттамау, қиянат жасамау – шығыстық құндылық. Өкінішке қарай осы құндылықтардың дәріптелмеуі жастардың өзге мәдениеттің ықпалында кетуіне әсер етіп жатыр. Сол секілді, бүгіндегі көптеген проблемалар да осы дәстүрден ажырауымыздың салдары. Дәстүрді жаңғырту арқылы біз мықты қоғам құра аламыз. Өйткені, біздің ұлттың дәстүрінде берік орын алған үлкенге құрмет, обал-сауапқа қатысты қағидалар ұлтымыздың сақталуына ғана емес, бай-қуатты өмір сүруінің кепілі». Ол сонымен қатар дәстүрдің сақталуында аналар рөлінің маңыздылығына айрықша тоқталды.

Халық даналығы айтқандай, «Алып анадан туады». Қоғамның басты құндылығы – адам десек, біздің дүниеге келгеннен бастап бүкіл тәрбиеміз ананың тәрбиесімен қалыптасады. Қазақтың «Руыңды түзегін келсе – ұлыңды, ұлтыңды түзегін келсе – қызыңды түзе» деуі әйел-ананың адамзат өміріндегі теңдессіз орнын көрсетсе керек. Расында, қазақтың ұлы ұстазы Абайды дана еткен оның аналары Зере әжеміз бен Ұлпан анамыздың тағылымы болса, әл-Фарабиді әлемнің ғұламасына айналдырған анасының өнегесі екенін тарихтан біліп отырмыз. Әрбір табысты азаматтың артында мықты әйел тұрады деген тәмсілдің өзі отбасынан құралатын мемлекеттің де тағдырын аналар рухы мен тәлімі шешетіндігін білдіреді. Сондықтан да, ананың ұрпақты, елді сақтауда маңызы зор, ұлттық құндылықтарды ұлықтап, өмірімізге оралту, жастардың санасына сіңіру мақсатында құрылған қазақ аналарының «Дәстүрге жол» атты бірлестігін ғасырдың ең мықты жобасы деп айтпасқа хақымыз жоқ сияқты. Өйткені, бұл ұйым бүгінде еліміздің жүздеген әйел-ана, қызкеліншектерін біріктіріп отыр. Бірлестік өткен жылдың шілде айында құрылған болатын. Бұл уақыт пандемия лаңынан қарым-қатынас шектеліп, әр отбасының өз мәселесімен бетпе-бет қалған шағы еді. Карантиндік шектеулер, жұмыс орындарының уақытша жабылуы көптеген замандастарымыз үшін қаржымен қатар, моральдық-психологиялық тұрғыда да қиындықтар тудырғанын білеміз. Мұндай сәт әйелдің бұрынғыдан да мықты, бұрынғыдан дана, бұрынғыдан жауапты болуын қажет етеді. Ал бұл асыл қасиеттердің қайнар көзі ұлттық құндылықтарда. «Дәстүрге жол» жобасының мақсаты осы қиын кезеңде аналарды дәстүрімізді сақтауға шақыру арқылы елдің еңсесін көтеріп, ұрпақ тәрбиесіндегі жоғалтқанымызды тауып, барымызды жаңғыртып, санаға сіңіру болды. Жоба жетекшісі белгілі актриса, қазақ эстрадасына ұлттық бояу сіңіріп, тіліміздің өрісін ұзартуға өзіндік үлесін қосып жүрген ағайынды Жүгінісовтердің анасы, ең бастысы бала қыздан дана анаға дейінгі жолда өнегелі ізі бар Айнұр Жүгінісова. Қазақтың салт-дәстүріне берік отбасында әже тәрбиесі, ата тағылымымен төл тіліміздің уызына қанып өскен, үлкенмен үлкендей, кішімен кішідей сөйлесіп, әрбір іс-әрекетімен апалық ізет, сіңілілік ілтипат, келіндік иба, енелік жол көрсете алатын бұл замандасымыздың осы игілікті істің басынан табылуының өзі қазақ үшін олжа деуге болады.

Жобаның негізгі имиджі ұлттық киім, оның ішінде қазақ әйелінің ұлттық бас киімдерінің бірі – кимешек. Жалпы, біздегі әйелдерге арналған ұлттық бас киімдер әйелдер мәртебесінен хабар беретіні белгілі. Мысалы жасөспірім қыздың үкілі тақия, тұрмысқа шыққан қыздың сәукеле киетіндігі секілді кимешек балалы болған әйелдің киетін бас киімі. Қазақтың бұл бас киімі әйелдің салиқалы болмысын паш етеді. Ақжаулықты ана болудың бақытын, қасиетін ұқтырады. Өн бойын үнемі жинақы етіп, ашық-шашық жүрмеуіне ықпал етеді. Осылайша әйел-ананың өзінің шаңырақтағы, ұрпақ тәрбиесіндегі орнын айшықтап тұрады. Жалпы, сыртқы бейне ішкі дүниенің әлемі десек, жоба арқылы осындай ұлттық киімдердің насихатталуы және оларды тұрақты киіп жүрудің үнделуі ұлттық ерекшелігімізді көрсетіп қана қомай, әйел-аналардың ақ жаулығын ары деп санаған ізгі қасиетін еселейтіні анық. Өз кезегінде бұл үрдіс кимешек, қажекей, бүрмелі көйлекке сұранысты арттырып, өз нәсібін тігін өнерінен тауып жүрген қыз-келіншектеріміздің ісін жандандыруда.

Жоба негізінен уатсап әлеуметтік желісінде құрылған чаттар арқылы жыл бойы жұмыс істеуде. Қазіргі таңда еліміздің барлық өңірі бойынша құрылған бұл топтар қыз-келіншек, әйел-аналар үшін диалог алаңы, тәрбие мектебі, семинар-тернингтер жүйесі, қарым-қатынас құралы болып отыр. Оларға қосылғандар арасында бала күтімімен үйде отырған әйел, ғалым, бизнесмен, мұғалім, әнші, журналист, қысқасы сан-салалы мамандық иелері секілді әр түрлі әлеуметтік топ өкілдері бар. Топ мүшелері күн сайын белгіленіп отыратын тақырыптарды талқылап, өздерінің көрген-түйгендерін ортаға салады. Білмегенін сұрап кеңес алады. Тақырып әже тағылымы, әке айбыны, бала тәрбиесі, шаңырақ берекесі, ене өнегесі, келін міндеті, жеңге рөлі, қонақ күтудің әдебі, құдалық жоралғысы, ырымдар мен тыйымдар сынды өмірлік мәселелердің барлық қырын ұлттық дәстүрімізбен байланыстыра қамтиды. Бәрі де қазақтың көнекөз қариялары, бойжетіп келе жатқан қызы, жаңадан түскен келін, ана-енелер үшін баға жетпес ғибрат.

Жобаның келесі бағыты – кездесулер. Бұл жүзбе-жүз кездесулердің жөні тіптен бөлек.Оларды жандүниеге жасалатын ем десе де болады. Бұл басқосуларда бір-бірімен жүздесіп, танысқандар өздеріне дос, туыс тауып, ортасын кеңейтуде. Белгілі бір тақырыпқа құрылатын жиындарда сонымен қатар дәстүрлер бойынша сахналық қойылымдар көрсетіледі. Ондағы актерлердің бәрі де сол чаттарға тіркелген қыз-келіншектер, апа-әжелер. Белгілі тұлғалардың тәрбиелік мәні зор шығармалары да осы бас қосулар арқылы өз өрісін тауып жатады. Солардың бірі мәселен хакім Абайдың шығармашылығына арналды. Онда біздің қазақ аналары ақынның өлең, қара сөздерін оқып, шығармаларынан қойылым жасады. Ұлттық дәстүрлер, құндылықтар жайлы сұрақтардың жауабы осындай жүздесудің көрігін қыздырып, аналардың елдікке қызмет ететін құндылықтары жайлы мағлұматты арттырып, сананы сілкінтіп жатады.

Бүгінде бірлестіктің аймақтарда филиалдары біртіндеп ашылуда. Қазіргі таңда Алматы, Тараз, Маңғыстау, Жезқазған, Шымкент өңірінде осындай ұйымдардың тұсауы кесіліп үлгерді. Бұл шаралар да дәстүрлеріміздің, қазақ аналарының рухани бірлігінің салтанатына айналуда. Әр кездесудің өзінің тарихи миссиясы бар. Соның арқасында бүгінде аймақтардағы қыз-келіншектер мен апа-әжелеріміз де ұлттық киімдерімізді киюге, дәстүрлі тағамдарымызды дайындауға, ұрпақ тәрбиесінде маңызы зор құндылықтарды бойларына сіңіріп, күнделікті тұрмыста қолдануға деген ынтасы артып келеді. Осылайша бұл жоба қазақ екенімізді қандастарымыздың бұрынғыдай тек Наурызда ғана емес, әр күні сезінуіне ықпал етуде. Қазақ болудың даналық, даралық, сұлулық екенін ұқтыруда. Ең ғажабы осының бәрі ешбір үкіметтік ұйымның қолдауынсыз, бай демеушінің көмегінсіз аналардың өздерінің жүрек қалауымен, шынайы ынтасымен жүзеге асуда. Қазаққа бұл жоба осынау қиын кезеңде өз дәстүрін жаңғырту арқылы оянуға, арман-мүдделерін тоғыстыруға берілген зор мүмкіндік, тағдырдың сыйы болғандай. Сондықтан оның аясы кеңіп, барша қазақ аналарының ынтымағын нығайтып, сол арқылы бүкіл қазақтың деңгейін көтерері анық.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

АСЫЛ МҰРА

НАУРЫЗ «АМАЛДАН» БАСТАЛАДЫ

Әлемнің кейбір ғалымдары тарихын 5 мың жыл деп санайтын Наурыз мейрамына қатысты алыпқашты әңгіме біздің елімізде әлі саябырсымай отыр. Біреулер оны Иранмен, екіншілері Нұх пайғамбармен, үшіншілері күн мен түннің теңесуімен, төртіншілері дінмен байланыстырады. Әрқайсысының өзіндік уәжі де бар. Қайсысының айтқаны дұрыс, қайсысының айтқаны бұрыс екені ғылыми түрде негізделіп, ресми тұрғыда бекітілмеген соң бұл дауға қашан нүкте қойылатынын әзірге ешкім тап басып айтып бере алмай отыр.

Мемлекет басшысының Жарлығымен 1991 жылы наурыздың 22-сі Наурыз мейрамы деп бекітілген еді. 2001 жылы оған мемлекеттік мереке мәртебесі берілді. Ал 2009 жылы наурыздың 21-23 күндерін «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Осыған зиялы қауым арасында өзгелерден жөн-жосығы бөлек, тарихы да терең бұл мерекенің атап өтілуіне қатысты ұсыныс-тілектер мен сын-ескертпелер жыл өткен сайын азаюдың орнына көбейіп бара жатыр. Біреулері мемлекеттік мәртебесі болса да, оны түрлі мекемелер мен ұйымдардың әр өңірде әрқилы уақытта атап өтілуіне көңілі толмайтынын білдіруде. Келесілері онда жасалатын келін түсіру, баланы бесікке салу мен тұсауын кесу сияқты кейбір рәсімдердің Наурыз мейрамының ерекшелігіне сәйкес келмейтінін сынға алуда. Сондай-ақ, жыл қорытындысын жариялап, түрлі саладағы үздіктерді марапаттауды Наурыз мейрамында жүзеге асыруды ұсынушылар да жеткілікті. «Мата даңқымен бөз өтеді…» дегендей Наурыз мейрамын бірнеше киіз үй тігіп, әр жерден үзіп-жұлып жинап алған әдет-ғұрып пен Қазақстан халқы ассамблеясының концерт, көрме-жәрмеңкелерімен жамап-жасқаушылардың бағдарламаны жасаудағы жүйесіз әрекеттері жыл сайын БАҚ-тарда айтудай-ақ айтылып, жазылып, көрсетіліп жүргенімен, одан қорытынды шығарып жатқан ешкім жоқ. 2021 жылғы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады» деп халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керектігін ескерткен болатын. Алайда бұл жұмыс та аяқсыз қалып қойды.

Бұл туралы тарих ғылымдарының докторы, профессор Саттар Мәжитов: «Біз әлі жалған білім, жалған дін, жалған философия, жалған психология, жалған ғылым жағдайында өмір сүріп жатырмыз. Нақты құндылықтардың бәрін соған тіреп қойдық. Былтыр естеріңізде шығар Шымкентте Наурыз мерекесін атап өтуде 500 млн теңгеден астам қаржы ұрланып үлкен шу шықты. Оны әр өңірдің өзінше әрқалай атап өтуі дұрыс емес. Біз бір елміз. Бәрі бір форматта өтуі керек. Басқа жаққа Наурыз келмейтіндей Шымкент Наурыз бізден басталады деп шықты. Ол дұрыс емес қой. Әрбірден соң Наурыз батыста Амал мерекесімен басталады. Наурыздың киесі от қой. Былай айтқанда зорастризмнің нышандарын Амал кезінде көруге болады. Өйткені, өзге аймақтарға қарағанда Иранға біртабан жақын болғандықтан олар мұнда біршама сақталып қалған.

«Ашық НҚА» порталында «Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасын бекіту туралы» Үкімет қаулысының жобасы да жарияланды. Жобада Наурыз мейрамын тойлауға байланысты іс-шараларды 10-24 наурыз аралығында 10 күн бойына өткізу тетіктері қарастырылды. Атап айтқанда: 14 наурыз – «Көрісу күні», 15 наурыз – «Жайлау күні», 16 наурыз – «Шежіре күні», 17 наурыз – «Тарихқа тағзым күні», 18 наурыз – «Игі істер күні», 19 наурыз – «Шымырлық пен шеберлік күні», 20 наурыз – «Зияткерлік күні», 21 наурыз – «Ұлттық тағамдар күні», 22 наурыз – «Ұлыстың ұлы күні», 23 наурыз – «Жоралғы күні» деп. Бірақ ол да сол күйі қалып қойды» дегенді айтты. Яғни, еліміз Наурыз мейрамын атап өтуде жалпыадамдық құндылықтарды орнықтыру, республика халықтарының достығы мен бауырластығын нығайту, ежелгі халық дәстүрлерін жандандыру, сондай-ақ, адам мен табиғаттың үйлесіміне қол жеткізу, оның шынайы имандылық рухында ізгіліктің тазаруы мақсатында сонау 1991 жылдың 15 наурызындағы Қазақ ССР Президенті Н.Назарбаевтың №285 Жарлығында айтылған дүниелердің өзін толық орындай алмай жүрміз. Онда бірінші, күн мен түннің теңесу күні – наурыздың 22-сі халықтық мереке – Наурыз мейрамы болып жариялансын. Екінші, халық депутаттарының жергілікті Советтеріне климаттық жағдайларды ескере отырып халықтық мереке – Наурыз мейрамын өткізу күнін өз бетімен белгілеу ұсынылсын.Үшінші, Қазақ ССР Министрлер кабинеті мен халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері көктемгі халықтық мереке – Наурыз мейрамын әзірлеу мен өткізу жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асырсын. Төртінші, республика жұртшылығының 1991 жылғы наурыздың 16-сы мен сәуірдің 16-сы аралығында «Табиғат жарасымы» айлығын өткізу жөніндегі инициативасы қолдау тапсын. Бесінші, бұқаралық хабарлама құралдары көктемгі халықтық мереке – Наурыз мейрамы мен «Табиғат жарасымы» айлығына дайындықтың барысы мен өткізілуін кеңінен жазып көрсетсін делінген еді. Арада 30 жылдан астам уақыт өтіп, БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (UNESKO) 2009 жылдың 29 қыркүйегінде оны Адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізіп, 2010 жылдың 10 мамырынан бастап БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз – Халықаралық Наурыз күні болып бекітілгеніне қарамастан, біз әлі бұл мерекені өз деңгейінде атап өтуде айтарлықтай жетістікке жете алмадық. Басқаны былай қойғанда, Наурыз мейрамын көршілес өзбек пен қырғыз секілді шетелдік туристер асыға күтетін және елді ғана танытып қоймай, туризмді дамытудың да үлкен нысанына айналдыруға ешбір қадам жасалмады. Бұл жайында Қазақстан туристік индустриясының ұлттық қауымдастығы басшысы Раушан Шәмілқызы: «Өзбекстан Наурыз мерекесіне кемінде жарты жыл қалғанда шетелдегі туроператорларға оның бағдарламасын жіберіп қояды. Осы арқылы саяхатшылардың өз демалысын өзге халықтардың мәдениетімен танысу үшін алдын ала жоспарлап, турфирмалармен келісімшарт жасауына жағдай жасап береді. Ал бізде онымен ешкім айналыспайды. Өзіміз жер-жердегі әкімдік қызметкерлеріне жалынып-жалпайып жүріп бағдарлама жобасын бір апта қалғанда әзер сұрап аламыз. Мұндай жағдайдан кейін туризмді дамыту туралы бірнәрсе айтудың өзі қиын. Мысалы, пандемия жағдайына байланысты Өзбекстан шетелдік туристер үшін шекарасын әлі ашпай отыр. Біз тек Наурыз мейрамы кезінде ғана жүз мыңдаған шетелдікті өз елімізге тарту мүмкіндігін қолдан шығарып алдық», – деп отыр. Мұның өзі Мемлекет басшысы жыл басында жариялаған «Жаңа Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда бізде әлі де көп шаруаны ойластыру керектігін айқын аңғартады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

БІЛІКТІ МАМАННЫҢ КЕҢЕСІ ҚАШАНДА БАҒАЛЫ

«Заң газетінің» 2022 жылғы 4 наурыздағы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Өмірсерік Қожабаевтың берген «Жауаптылық жоқ жерде экономикалық контрабанда көбейеді» сұхбатын бір деммен оқып шықтым.

Сұхбатта бүгінгі күннің өзекті мәселелері ашық талқыланып, сұрақтарға ашы да болса шынайы жауаптар берілген. Атап айтқанда, экономикалық қылмыстар, жалған мәмілелер, мемлекеттік қызметтегі білікті кадрлар тапшылығы, заңнамаларды ізгілендіру, жекешелендіру мәселелері жан-жақты көтерілген.

Сұхбаттағы «Жаман заңдармен және жақсы шенеуніктермен ел басқаруға болады. Ал шенеуніктер жаман болса, ең жақсы деген заңдардың өзі көмектесе алмайды» деген пікір адамға үлкен ой саларлық. Сұхбат беруші «қазіргідей сыбайластық пен жемқорлық дендеген кезеңде экономикалық қылмысты анықтап, оларды тергеуде әділдік пен бейтараптық таныту оңай емес» деп, жедел тергеу жұмысының нәтижелі болмауы елді дүрбелеңге алып келетінін атап өткен. Мұнай-газ, азық-түлік өнімін сату нарығы бақылаусыз қалып, салдарынан қымбатшылық туындап, халық тұрмысының төмендеуіне әсер еткенін еліміз үшін маңызы бар стратегиялық мекемелердің сауатсыз жекешендірілуімен байланыстырғаны да өте орынды. Осындай жүйесіз жұмыстан кешегі қаңтар қақтығысы орын алғаны шындық.

Өмірсерік ҚОЖАБАЕВ,
«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДА КӨБЕЙЕДІ»

Алайда, осы қаңтар оқиғасы елімізге түбегейлі реформаларды қайта алып келіп, оң өзгерістердің орын алғаны да жасырын емес. Кінәлілердің жазаға тартылып жатқанын көріп отырмыз.

Ол үшін мемлекет ең алдымен елімізді шығынға ұшырататын қажетсіз жобалардан құтылып, стратегиялық маңызы бар өндірісті қалдыру, бәсекелестікті қорғауға құзырлы органның жұмысын жүйелендіру қажеттігіне толықтай қосыламын.

Тілшінің осы аталған мәселелер мамандардың әлсіздігіне, білікті кадрларды таңдауға көңіл бөлмеудің кесірінен орын алатындай көрінеді деген екіұдай пікірі де орынды. Бұл сауалға Өмірсерік Қожабаев нақты мемлекеттік қызметке үміткерлерді таңдау ашық жүргізілетіні, әр азамат үшін қолжетімді екені, алайда ең үздік, талантты, кәсіби маманды табу міндеті толық шешімін таппай тұрғанын айтқан. Шындығында, мәселенің барлығы білікті кадрлардың тиісті салаларда жұмыс атқармауы салдарынан туындайтыны анық.

Сондай-ақ, сұхбатта Қылмыстық кодекс, Қылмыстық процестік кодекстің кемшін тұстарын ашып көрсеткен. Мысал ретінде тергеу мен сотты әуре-сарсаңға салған қолданыстағы қылмыстық процестің аясындағы кемшіліктерге тоқталған. Иә, ақиқатында соңғы уақытта заңдардың жиі өзгертіліп, толықтырылуына көзіміз үйренді. Бірақ заман ағымына орай, заңнамалардың ізгілендірілуі құптарлық.

Жалпы, көптеген мәселелердің нақты жауаптарын ұсынған сұхбатты оқып шығуға кеңес беремін. «Заң газетінің» Өмірсерік Қожабаев секілді білікті, ардагер судьяларға төрінен орын бергеніне, салиқалы сұхбат ұйымдастырғанына ризашылығымды білдіремі. Игі ісі алдағы уақытта да жалғасын тапса деймін.

Жанат ИСАЕВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті,
заң ғылымдарының кандидаты

БАЗЫНА

Барлық мәселенің түйінін бір ғана мақалдың баясына сыйдырып кеткен бабаларымыздың көрегендігіне, кемеңгерлігіне таңғаласың. «Үйлену оңай, үй болу қиын» деген мәтелдің астарында да отбасын құру мен оны ұстап тұрудың жауаптылығы жатыр. Бүгінде осы сөздің төркініне үңілетіндер аз. Тіпті, қазақы тәрбие алып отырған ауылдық жерлердің өзінде соңғы жылдары ажырасудың көбеюі алаңдатпай қоймайды.

«ҮЙЛЕНУ ОҢАЙ, ҮЙ БОЛУ ҚИЫН»

Ерлан ІЛИЯСОВ,
Жамбыл облысы
Қордай аудандық сотының
төрағасы

Қанша айтқанмен, ауыл қазақылықтың, ұлттық салт-дәстүрді сақтаудың қайнар бұлағы саналады. Бұрын отбасында ұрыс-керіс болыпты, ерлі-зайыптылар ажырасуға шешім қабылдапты дегенді сирек еститін едік. Ара-тұра жанұяда келіспеушілік туындағанын білсе ақсақалдар сол отбасына келіп ақылын айтып, ерлі-зайыптыларды жарастырып жіберуге барын салатын. Ал қазір дәл осы араағайындықтан да алыстап бара жатқандай көрінеміз. Өйткені, бүгінде ұрысып, ырың-жырың болған жастарды жарастыруға ауылдың қариялары тұрмақ, екі жақтың ет жақындары, ата-анасы да араласпайды. Батыстық психологияның әсерімен «Әркім өз тағдырын өзі шешсін» деген самарқау түсінік орын алған. Ұлы мен қызының арасына түсуді үлкендер ұят, ар көреді. Бұл дұрыс көзқарас емес. Осындай немкеттіліктің кесірінен қаншама шаңырақ ортасына түсіп, қаншама бала толық емес отбасында тәрбиеленіп жатыр.

Сотқа келген азаматтарға ақыл айтып, жол көрсету, ажырасудың салдары ауыр болатынын түсіндіру біздің парызымыз. Бірақ біз өз ақылымызды тараптарға таңа алмаймыз, олардың шешімін күшпен өзгерте де алмаймыз. Соттың құзырына берілгені – ерлі-зайыптыларды бірден ажырастыра салмай, ойлануына, ақылмен шешім қабылдауына алты ай мерзім көлемінде уақыт беру ғана. Ары қарай өз пікірін өзгертпей, қосылуға ниет танытпаған жандардың некесін сақтап қалу соттың қолынан келмейді. Қайта қазір ауданда құрылған Билер кеңесі мен «Бастау» тобы ерлі-зайыптыларды татуластыруға барынша атсалысып келеді. Дегенмен, сот алдына келген ерлі-зайыптыларға ортақ мәселені де айтпай кетуге болмайды. Біріншіден, қазіргі жастар өзгелердің пікірін тыңдауға құлықты емес. Екіншіден, жастардың өркөкіректігі, бір-бірінің сөзін сыйламауы қалыпты жағдайға айналған. Үшіншіден, қазіргі жастар ата-анасының күйзелісіне, өз баласының ертеңгі тағдырына бас қатырмайды. Өзімшіл жандарға бұрынғы жұбайының алдында төмендемеу бәрінен де маңызды.

Сот тәжірибесіндегі неке бұзу деректеріне көз жүгірткенде үйленгендеріне бес жыл толмаған жастардың ажырасуы жиі кездесетінін байқауға болады. Ажырасуға бел буғандар тұрмыстық жағдайдың қиындығын, мінездерінің жараспауын, ерінің ішімдік пен нашаға тәуелді болуын, көзге шөп салуын алға тартып жатады. Кейбір жұптар сот тарапынан ойлануға берілген уақыт ішінде татуласып, отбасын сақтауға тырысады. Ал кейбір жұптардың шешімін ешқандай ақыл да, уақыт та өзгерте алмайды. Қалай болғанда да ажырасу тек шағын отбасының емес, мемлекеттің мәселесі екенін түсінетін, соған орай нақты шаралар қабылдайтын кез жетті. Өйткені, Отанның өзі отбасындағы сыйластықтан, тыныштықтан басталады.

ПАЙЫМ

АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБА АЗАМАТТАРДЫҢ ӘУРЕСІН АЗАЙТТЫ

Дауларды татуластыру арқылы, медиацияны қолдану жолымен шешудің тиімді екені талас тудырмады. Бұған қарапайым азаматтардың да көзі жетіп келеді. Елдегі даукестік деңгейін төмендету, тараптардың уақыты пен қаржысын үнемдеу, сот жүктемесін азайту мақсатында қолға алынған медиация институтының ауқымы жыл өткен сайын кеңеюде. Талаптардың тез және тиімді шешілуін қамтамасыз ету үшін даусыз істер бойынша нотариустардың атқарушылық жазба жасауына жол ашу – медиацияның мүмкіндігін арттырған тетіктің бірі.

Еліміздің «Нотариат туралы» заңына өзгеріс енгізіліп, 2000 жылы атқарушылық жазбаларды жасау ісі қазақстандық нотариустарға қайтарылған болатын. Атқарушылық жазба негізінде берешекті өндіріп алу бойынша даусыз істер бүгінде нотариустар құзырында. Нотариустар жүргізетін талаптардың тізбесі Азаматтық процестік кодекстің 135-бабында белгіленген. Бұл жаңашылдықтар даусыз талаптар бойынша өндіріп алу рәсімін барынша оңайлатуға және жеделдетуге, сәйкесінше сот органдарының жүктемесін азайтуға ықпал етеді.

Атқарушылық жазбаның артықшылығы аз емес. Ол ең алдымен берешекті өндіріп алушыға сот шешімі шығарылмай, сот шешімінің заңды күшіне енуін күтпей және орындауға жүгінбей, даусыз сипаттағы талаптарды жылдам және тиімді шешуге көмектеседі. Атқарушылық жазбаның нотариустар құзырына берілуі шын мәнінде соттардың жүктемесін төмендетті. Бұл жаңашылдық азаматтарды артық әуре-сарсаңнан құтқарды. Өйткені, мұндай істерді сот алдына дейін апару артық. Екі тарап мәселенің мәнін жете түсініп, істе ешқандай дау болмаса оны төрелік алаңында таразылаудың қандай қажеттілігі бар? Егер ұсынылған құжаттар борышкердің өндіріп алушы алдындағы берешегінің немесе өзге де жауапкершілігінің дау тудырмайтынын растаса, сондай-ақ, егер талап қою (арыз) құқығы туындаған күннен бастап үш жылдан аспаса атқарушылық жазба жасалады. Бұл жерде нотариус жасайтын атқарушылық жазбадағы негізгі шарт – өндіріп алушының борышкерге қоятын талабының даусыздығы. Яғни, нотариус тек ұсынылған құжаттар бойынша талаптардың даусыздығын ғана тексереді.

Азаматтық процестік кодекстің тәртібіне сай атқарушылық жазбаның немесе атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулының көшірмелері өндіріп алушы мен борышкерге ол шығарылғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуі керек. Сонымен қатар, атқарушылық жазбаға дау айту сот тәртібімен жүргізілетінін қаперде ұстау керек. Бұл АПК-нің 45-тарауында толық көрсетілген. Соған сәйкес нотариустың іс-әрекеттеріне нотариус орналасқан жердегі сотқа шағым жасалады.

Атқарушылық жазбаның тиімділігін уақыт көрсетті. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес қолданыстағы «Нотариат туралы» заң «Атқарушылық жазбалар жасау» деп аталатын арнайы 14-1-тарауымен толықтырылғанын айта кеткен жөн. Бұл жаңашылдыққа сүйене отырып нотариустарға татуластыру рәсімдерін жүргізу және атқарушылық жазбалар жасау құқығы бойынша екі жаңа іс-әрекет жасауға өкілеттік берілді.

Жалпы, атқарушылық жазба экономикалық тұрғыдан тиімді. Олай дейтініміз, атқарушылық жазбаны жасау тарифі сот бұйрығын шығару және талап қою тәртібі бойынша жұмсалатын шығыннан әлдеқайда аз. Сонымен бірге бұл қосымша сот шығынын талап етпейді. Міне, осының өзі сот ісі мен заңдағы жаңа өзгерістердің азаматтар игілігі үшін жасалатынын анық айғақтайды.

Назым АЛЬПИЕВА,
Алматы қаласы
Бостандық аудандық
сотының судьясы

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

АБАЙЛАҢЫЗ: АЮЛАР ҰЙҚЫДАН ОЯНДЫ

Іле Алатауында 70 шақты қоңыр аю тіршілік етеді. Бұл туралы Іле Алатауы ұлттық паркінің аумағындағы Аюсай визит-орталығында өтіп жатқан Қоңыр аю апталығы аясындағы БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз мәслихатында айтылды.

Мамандар журналистер назарына ұлттық парктің флорасы мен фаунасы, орнатылған фототұзақтардың бірегей кадрларына ілініп қалған ірі жыртқыштар, соның ішінде Тянь-Шань қоңыр аюы туралы құнды мәліметтерді ұсынды. Тіпті, көрнекілік ретінде аюдың бас сүйегін де ала келіпті.

– Ақ тырнақты аю ретінде танымал Тянь-Шань қоңыр аюы Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Алайда, соңғы жылдары қазақстандық зоологтар мен табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың арқасында оның Іле Алатауы тауларындағы популяциясы айтарлықтай көбейді. ҚР БҒМ ҒК Зоология институты ғалымдарының есептеуі бойынша, қазіргі таңда Іле Алатауы ұлттық паркінің аумағында шамамен 70 шақты Тянь-Шань қоңыр аюы тіршілік етеді. Ол Іле Алатауының әр жерінде, соның ішінде атына заты сай Аюсай шатқалында да таралған. 2010 жылдан бастап, көктемнен күзге дейін әрбір мезгіл сайын жыртқыштардың іздерін және басқа да нышандарын тауып, тіркейміз, – дейді ҚР БҒМ ҒК Зоология институтының териология бөлімінің ғылыми қызметкері, Халықаралық аюлар жөніндегі мамандар қауымдастығының (IBA) мүшесі, экология магистрі Санжар Қаңтарбаев.

«Іле Алатауы» МҰТП ғылыми-зерттеу жұмыстары және тау агробиоәртүрлілігі бөлімінің ғылыми қызметкері Тұңғыш Жапарқұлов тауға келушілерге арналған қауіпсіздік шараларымен таныстырды. *«Аю – адам үшін қауіпті әрі мықты аң екенін түсінуіміз керек. Сонымен қатар оның тіршілік ортасына бармас бұрын дайындалып, тіршілігі туралы білу қажет. Аюсай визит-орталығының қызметкерлері шатқалда демалатын адамдарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, олардан үшінші сарқырамадан жоғары көтерілмеуін өтінеді. Өйткені, онда аюлар соқпағы бар және оларды кезіктіру ықтималдылығы жоғары. Сондықтан тауға аттанбас бұрын Қоңыр аю апталығы аясында өтетін дәрістерге қатысуға кеңес береміз»,* – деді ол.

Аталған бөлімнің бастығы Салтанат Усербаеваның айтуынша, іс-шара Іле Алатауы ұлттық паркінің аумағында тіршілік ететін Тянь-Шань қоңыр аюының ұйқыдан оянатын мезгілі, яғни, 15-21 наурыз аралығына орайластырылған. Апталық аясында Алматы қаласындағы жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, мектеп оқушыларына, орталық қонақтарына арналған тегін дәрістер өтеді. Олар Қазақстанның жетекші териологтарымен танысып, экскурсияларға қатысады, «Мың көз» соқпағымен (визуалдық тұжырымдамасының авторы Санжар Жұбанов) жүріп отырып, аюдың шынайы іздерін тамашалап, өзге де тіршілік нышандарын тануды үйренеді.

Мұндай іс-шаралар қоршаған орта мәселелеріне қоғамның назарын аударады, отандастарымыздың экологиялық ұстанымын және қаламыздың, облысымыздың тау экожүйелерін сақтауға дайындығын дамытуға көмектеседі.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

ЦИФРЛЫ ЖҮЙЕ САЛАНЫ ЖАҢҒЫРТТЫ

Еліміздің цифрлы жүйеге дер кезінде көшуі қоғамның дамуына айтарлықтай оң әсер етті. Соның ішінде сот саласы да сандық жүйеге көшумен бірге көптеген заманға сай жаңашылдыққа ие болып, саланың ажырамас бөлшегіне айналды.

Сот тәжірибесіне ең алдымен «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі енгізілсе, кейін «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу», «SMS-хабарлама» сервисі, «Талдау» форумы секілді жаңа электрондық қосымшалар енгізіліп, халық игілігіне ұсынылды. Бұдан бөлек республикадағы барлық сот мәжіліс залдары толықтай дыбыс-бейне жазатын құрылғылармен қамтамасыз етіліп, сот отырыстары таспаға жазылатын болды. Мұның барлығы сот жұмысын айтарлықтай өзгертті, жеңілдетті, іс барысын жеделдетті. Бұрын сот ғимаратына арнайы келіп, арыз-шағымын жазатын азаматтар енді онлайн режимде электронды түрде арыздарды, талап арыздарды беруге, шағымдар мен өтінішхаттарды жолдауға, сондай-ақ, істің қаралу барысын бақылауға мүмкіндік алды. Әсіресе, сотпен қоян-қолтық жұмыс істейтін адвокаттар қауымы «Сот кабинеті» сервисінің тиімді, пайдалы екенін жарыса айтуда.

Жалпы, сандық жүйе туғызған мүмкіндіктер уақытын қадірлейтін азаматтарға қолайлы жағдай туғызғаны шындық. Жаңа ақпараттық технологияны енгізудің тағы бір тиімділігі арызданушы азаматтар мен сот қызметкерлерінің тікелей қарым-қатынасқа түсуіне жол берілмейді. Өз кезегінде бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға ықпал етті. Салада адам факторы азайды. Сотқа түскен іс-материалдарының судьяларға автоматты түрде бөлінуі де жаңа технология жемісі. Істерді қазір ешкім бөлмейді, судьялардың да таңдау мүмкіндігі жоқ. Мұның барлығы сот жұмысына қатысты ашықтықты арттырып, күмәнді сейілтті, халықтың сотқа деген сенімін арттырды.

Ең бастысы бұрынғы қағазбастылық азайып, халықтың уақытын тиімді пайдалануға өз септігін тигізуде. Қазіргі кезде әрбір тұлға, ұйым сот өндірісіндегі істің жүру процесін қадағалай алады және өзіне қажетті құжаттарды, ақпаратты электронды түрде ала алады. Бұл жаңашылдықтардың барлығы еліміздің азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауда кең мүмкіндіктерді пайдалануына жол ашты. Саладағы сандық қызметтер бүгінде сот жүйесінің дамуын жаңа сатыға көтергенін байқап отырмыз. Бұл халықтың сотқа жүгінуі жаңа деңгейге көтерілгенін де көрсетеді.

Дастан СЛЯМКУЛОВ,
Алматы қаласы әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

МЕЖЕ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Жемқорлықпен күрес қанша күшейсе де, кеселдің салқыны қоғамда әлі де сезіледі. Таяуда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жемқорлықты түбегейлі жою мәселесіне ерекше назар аударып, барлық мемлекеттік органдарға сыбайлас жемқорлықпен күресті одан әрі күшейту жөнінде талап қойды. Мұндайда халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. Сондықтан қауіпті індетті жеңуге қоғам болып атсалысқан абзал.

Сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік құбылыс екені әу бастан-ақ белгілі. Жемқорлық әлемдегі барлық елдерді қатты алаңдататыны анық. Біздің еліміз сыбайластықтың салқынын сезініп, ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып жемқорлыққа қарсы арнайы заң қабылдады. Кейіннен бұл саладағы ұлттық заңнаманы жетілдіру барысында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияларын және басқа да жалпы жұрт таныған халықаралық актілерді ратификациялап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бүкіләлемдік қоғамдастықтың тең мүшесіне айналды.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін ұдайы айтып келеді. Президенттің пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек. Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негізінде қоғамдағы парасаттылық идеологиясының да алар орны ерекше. Өйткені парасаттылық – әділдік, заңдылық, сатылмау, адалдық сияқты құндылықтарды біріктіретін кешенді ұғым. Парасаттылық жүйесі мемлекеттік аппарат қызметінің ашықтығын, айқындығын көздейді. Парасатты қоғамда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік әрбір адамның ішкі нанымына, ойлауы мен мінез-құлқының негізіне айналады. Ал парасаттылық жүйесін қалыптастыру кезінде мемлекет пен азаматтардың серіктестігі, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда күш-жігерін біріктіру, қоғамның осы жұмысқа барынша тартылуын қамтамасыз ету түпкілікті маңызды рөл атқарады. Аталған тәсіл қоғамдық бақылауды іске асыру тетіктерін кеңейтуді көздейді, ол қоғамдық кеңестердің қызметімен ғана шектелмеуі тиіс.

Қауіпті кеселмен күресте біздің басты мақсатымыз – азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттыру. Жалпы, мемлекетке деген сенім де осыған байланысты. Сондықтан бізге жүктелген жауапкершіліктің жүгі зор. Сенім – қолжетімді сот төрелігі, судьяның беделі, ұғынықты, негізделген шешім арқылы қалыптасады. Халықаралық ұйымдардың бағалауынша, дамыған елдермен салыстырғанда біздің соттарымыз неғұрлым қолжетімді.

Жоғарыда айтып өткендей сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық бағытын түбегейлі қайта қарауға шақырған Президент уәкілетті органдардың алдына бірқатар міндет қойды. Оған сотта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмысын қамтамасыз ету де кіреді. Бір сөзбен айтсақ «Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру мемлекеттік органның ортақ жұмысы.

Жеңісбек ҚОҢЫРБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының бас маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

«Арал аудандық жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғаларды
ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

р/с	Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні, уақыты
1	Ахметов Нұрлан Абілдаұлы	«Арал аудандық жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні сағ. 09:00-18:00, түскі үзіліс уақыты сағ. 13:00-15:00.

Ескертпе: Қабылдауға алдын - ала жазылу Арал қаласы, Бекмырза хан көшесі №11а мекен-жайындағы «Арал аудандық жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің № 1 бөлмесінде күнделікті сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін жүргізіледі. Телефон: 2-15-43. «Арал аудандық жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2-15-43 «Сенім телефоны» жұмыс атқаратындығын хабарлаймыз.

ІНДЕТ

ОРТАҚ КҮРЕС ОҢ НӘТИЖЕ БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі, әрі ортақ міндет екенін айтумен келеді. Алайда, қоғамда бұл індетті ауыздықтау мүмкін болмай тұр. Десек те, жемқорлыққа қарсы қоғамдық күрес жалғаса береді. Жемқорлыққа қарсы күрес алдымен кез келгеніміздің ой санамыздан бастау алады. Ол одан ары пісіп жетіліп азаматтық қоғам күресіне айналады. Мемлекет жемқорлықты ауыздықтауда бүгінге дейін аз бағдарлама жасаған жоқ. Алайда, ол бағдарламаларға ұжымдық бірлік жетіспеді. Маңғыстау облыстық соты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оны болдырмау, онымен күрес мәселелерінде белсенді насихаттық жұмыстар жүргізуде. Жыл сайын азаматтармен бірлескен іс шаралар, кездесулер, талқылаулар мен дөңгелек үстелдер өтеді. Жемқорлыққа қарсы қоғамдық сананы қалыптастыру мақсатында мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жұмыстар жүргізуде. Сот осы тақырыптарда пікірталастар өткізіп, жемқорлықпен күресті бірлесіп жеңу жолдарын қарастырады. Жемқорлық қоғамды тежейтін құбылыс. Жастардың мүмкіндігін тежеп, тамыр таныстықты өркендететін кесепат. Ендеше, ол дамыған қоғам, азаматтық ортаның дамуын кешеуілдететіні белгілі. Сондықтан ортақ індетпен бірлесе жұмыс атқарғанда ғана оң нәтижеге қол жеткіземіз, ашық, әділетті қоғам құрамыз.

Б.КУШКИНБАЙ,
Маңғыстау облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының приставы

ДЕНСАУЛЫҚ

Вирусты гепатит А жұқпасы және алдын алу шаралары

Вирусты гепатит А-фекальді-оральді жолмен жұғатын, интоксикация және холезтаз көріністерімен өтетін, бауыр зақымдану синдромымен сипатталатын жіті вирусты жұқпа.

Эпидемиологиясы: жұқпа көзі – ауру адам. Жұғу жолдары: су, тағам, тұрмыстық қарым-қатынас. Жиі 4-5 жас аралығындағы балалар ауырады. Маусымдылығы: күз, қыс айлары.

Клиникасы: жасырын кезеңі 7-50 күн, орташа 15-35 күн. Ауру жеңіл, орташа түрде өтеді.

Вирусты гепатит А белгілері: сарғыштану, әлсіреу, дене температурасының көтерілуі, тәбет болмауы, несептің күңгірттенуі, нәжістің түссізденуі.

Алдын алу жолдары: жеке бас тазалығын сақтау және вакцинация болып табылады. Вакцинация алты ай аралықпен екі рет жүргізіледі. ВГА-ға қарсы вакцинациялауға жататын контингенттер: 2 жастағы және 2 жас 6 айындағы балалар.

Б.БАХРАМ,
Алатау ауданы СЭББ-ның эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

4. 24.10.1999 ж. қайтыс болған Елтаев Бахитжан Альмахановичтен; 28.09.2021 ж. қайтыс болған Нышанбаева Жанат Акиловнаның, 07.01.2022 ж. қайтыс болған Бейсенбаев Адасханның және 29.08.2021 жылы қайтыс болған Сыздыков Бауыржан Абдибековичтің арттарынан мұралық іс ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлерін Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуын сұраймын. Нотариус кеңсесі Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы №180 мекенжайда орналасқан. Хаб.тел.87718175589.

6.«Рудненский водоканал» ЖШС, БСН 041240004108, Қостанай облысы, Рудный қаласы әкімдігінің 23.02.2022 ж. №263 қаулысының негізінде жарғылық капиталының 2 415 823 (екі миллион төрт жүз он бес мың сегіз жүз жиырма үш) теңгеге азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Рудный қаласы, Октябрьдің 40 жылдығы көшесі, 2/1 құрылыс.

10.Қостанай қаласы, Дзержинский көшесі, 12 үй, 9 пәтер мекенжайында тұратын Плотников Владимир Ильичтің Қазақстан Республикасында туған, соңғы мекенжайы: Қостанай қаласы, Дзержинский көшесі, 12 үй, 9 пәтерде тұрған, ұлты орыс, 1958 жылдың 12 наурызында туған Плотникова Любовь Николаевнаны хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы арызы бойынша Қостанай қалалық соты азаматтық іс қозғады. Азаматша Плотникова (қыз кезіндегі тегі Шабурова) Любовь Николаевнаның жүрген жері туралы мәліметті білетін жандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзім ішінде мына мекенжайға хабарласулары сұралады: Қостанай қаласы, Победа көшесі, 72 үй.

7. «Goldin –Ломбард» ЖШС , БСН 160340017908 2021 жылдың 11 наурызында № 01.21.0030. Л Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігіне микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясының қолданылуын тоқтату туралы ерікті өтінішін хабарлайды.

11.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару тарулы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Turkestan-Arena» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Turkestan-Arena» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. «Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.А.Қалқамановқа жүктелсін.

ТАРАТУ

2.«Темирлан Секьюрети» ЖШС (БСН 201140000730) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020900, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Жеңіс көшесі, 56а үй, 16 пәтер.

3. «Қарлығаш-7» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 180240035420) – өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Сара ақын көшесі, 8 үй.

8. «Арай-С» ЖШС, БСН 040740014247 таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 120014, Қызылорда қаласы, С.Сейфуллин көшесі, 2 тел. +77029995524.

12. «Бесотар» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 171040003585, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Қаратөбе ауданы, Саралжын ауылдық округі, Қарақамыс ауылы, Р.Малабаев көшесі, 15/1 ғимарат.

БАНКРОТТЫҚ

9.Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 16.03.2022 ж. ұйғарымымен «ТексасЭдванедРисечСенте» ЖШС-нің, БСН 160640027728, банкроттығы туралы азаматтық іс қозғалды. Заңды мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, «Қараөткел» ықшамауданы, Шарбақкөл көшесі, 2 үй, кеңсе А1/2.

МҰРАГЕРЛІК

5. 20 ақпан 2022 жылы қайтыс болған Хамраев Насрулла Касымовичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев көшесі №60/2. Тел.87773677972.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

КЕЛБЕТ

«ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – МІНЕЗДЕН»

«Ұлтына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» депті Әлихан Бөкейханов. Хақ сөз! Еліміз Тәуелсіздік алған отыз жылда басқасын былай қойғанда қазақ тілі үшін әлі күнге шырылдап келе жатқанымыз және кейбір жер-су аттарын әлі де қазақшалай алмай жүргеніміз де бәлкім мінезсіздігімізден болар. Әйтпесе, билік басында отырғандар білімсіз емес.

Рас, қай күрес оңай болсын. Жеңіл жолмен келген жеңістің құны бар ма? Тіпті, қазағы көп шоғырланған Чимкенттің өзін қазақшалау оңайға соқпағанын кешегі көзкөрген ағалардың бәрі жыр қып айтады. Соның бірі – Шымкент қалалық сотының Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы, «Тіл жанашыры» құрмет белгісінің иегері Қабыл Дүйсенби.

Ол кезде Қабекең Шымкенттегі «Электроаппарат» зауытында цех бастығы болып жұмыс істейтін. 1990 жылдың басы. Әлі елдің тәуелсіздігі жарияланбаса да, Қабыл аға секілді ұлттық рухы асқақ азаматтардың ел мен жердің және тілдің болашағы үшін өз жұмыстарын бастап кеткен кезі. Сол жылы Қабыл аға зауыт жанынан құрылған «Қазақ тілі» қоғамының төрағалығына сайланады. Ол өз жерінде өгейлік көріп жүрген ана тілін асқақтату жолында аянып қалған жоқ. Ең алдымен зауыттың атауын кәсіпорынның маңдайшасына қазақ тілінде жаздыртып, ілдірткен күні көз алдында. Бұл ана тіліне іс жүзінде қосқан үлестерінің бірі болатын. Одан кейін зауыттағы іс-қағаздарды қазақшалауды қолға алады. Барлық құжаттар тек орыс тілінде жазылатындықтан, бұл шаруа өте қиын әрі күрделі болды. Алғашында сөздіктер мен термин тапшылығы қатты сезілді. Қазақша аудармаларда қателіктер мен кемшіліктер көп болды. Бірақ, талпыныс та күшті еді. Қазақ тіліндегі әдістемелік құралдар тапшы болатын. Қолындағы «Тілашар» мен «Қазақ тілінен қырық сабақ» оқулығын пайдаланып, цех бастықтары мен бөлім басшыларына, бас инженер мен механик, энергетиктерге қазақ тілін үйретуді қолға алып, сабақ өтті. Оған ақы да сұрамады.

Бүгінде айтуға оңай болғанымен, сол кезде мұны жүзеге асыру өте қиын болды. Еңбекқорлығымен көзге түскен Қабыл Дүйсенбиевті көп ұзамай Шымкент қаласындағы Абай ауданының тұңғыш әкімі Пернебай Әубәкіров әкімшілікте жаңадан ашылған Тіл бөлімінің меңгерушісі қызметіне шақырады. Жалақысы зауыттағыдан он үш есе аз болса да, қазақ тілінің көсегесін көгерту үшін, яғни, идея үшін көнуге тура келді.

Бұл жерде де тумысынан қағілез Қабекең Шымкент қалалық «Қазақ тілі» қоғамының бюро мүшесі ретінде қалалық кеңестің сессиясына қатысып, атауларды қазақшалауға байланысты мәселе көтереді. Облыс орталығы болған Чимкент қаласының Шымкент деп аталуына байланысты қойған ұсынысын Шымкент қалалық атқару комитетінің төрағасы, халық депутаттары қалалық кеңесінің төрағасы, ұлтжанды азамат Қуаныш Төлеметов те қолдады. Дегенмен, сол тұста ұлт араздығын тұтатып алмау керектігі басты мәселе еді. «Қамырдан қыл суырғандай» ептілік міне осы шақта керек болды. Қазағы көп аймақ делінсе де, өзге ұлт өкілдерінің азуы айға жетіп тұрған заманда мұны шешу оңайға түспеді.

«1991 жылы 22 қарашада халық депутаттары Шымкент қалалық кеңесінің сессиясы өтуінен екі күн бұрын қоғам белсенділерін Қ.Төлеметов қалалық кеңестің кіші мәжіліс залына шақырып, жиналыс өткізді. «Қалалық сессияда облыс орталығының атауын өзгертуге байланысты мәселе көтеремін, бірақ, бұған қарсылық білдірушілер көп болады. Сондықтан, сессия барысында шулап, даурығып кетпеулеріңізді сұраймын» деп алдын ала ескертті.

Сөйтіп, сессияда бұл ұсынысты талқылау 2-3 сағатқа созылды. Ол кезде депутаттардың сексен пайызы өзге ұлт өкілдері болатын. Сол себепті Чимкентті Шымкент деп өзгерту өте қиын болды.

Шымкент атауының екі әрпін өзгерту үшін екі жыл арпалыстық. Қайраткер төраға Қуаныш ағаның парасаттылығы мен табандылығы және қазақ тіліне деген жанашырлығының арқасында бұл мәселе оң шешімін тапты. Оңтүстіктің зиялы қауымы мен тиісті орындардың қолдауымен ҚР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1992 жылғы 8 қыркүйектегі Қаулысымен Чимкент атауының транскрипциясы Шымкент болып нақтыланды» дейді, тіл жанашыры, әлі күнге ұлтқа қызмет етуден танбай келе жатқан Қабыл аға өткен күндерге көз жіберіп.

Шымқаладағы көше, алаң атаулары мен мектеп, спорт және мәдениет мекемелерін қазақыландыру жұмыстары да ерен еңбекті талап ететіні белгілі. Ленин атындағы орталық алаңды – әл-Фараби алаңы, Титов көшесін – Жұмабек Тәшенов, Карл Маркс көшесін – М.Дулати, Попов көшесін – Ақназар хан, Шербаков көшесін – С.Қожанов, Ильич көшесін – Ш.Қалдаяқов, Энгельс көшесін – Тәкен Әлімқұлов, Клоков көшесін – Ақпан батыр, Некрасов көшесін – Нәзір Төрекұлов көшесі деп өзгертуге мұрындық болып, соның ыстық-суығына күйіп-піскендердің бірі осы Қабыл Дүйсенби екені рас.

«Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңға сәйкес алаңның атын өзгерту үшін алдымен сол аумақтағы тұрғындардың келісімі керек. Ал орталықта қазақтардан өзге ұлт өкілдерінің көп тұратыны баршаға мәлім. Оның үстіне ол кездің өзі ала-топалаң, қиын-қыстау жылдар еді ғой. Қалада жарық болмай, халық әбден абыржулы, ашынған кез тұғын. Ал біздің мақсатымыз ана тіліміздің мерейін үстем етіп, қаланы қазақыландыру болды. Бұл кейбір тұрғындардың ашуына тиетін. Мұны ақылға сиымсыз дейтіндер де табылды. Тұрғындардың есігін қақсам «Ленин бізге Ильич шамын берген, ал әл-Фараби не берді?» деп өзіммен керілдесе кетеді. Бабамыздың ғұлама ғалымдығын, адамзат руханиятына өлшеусіз еңбек сіңіргенін тәптіштеп түсіндіремін. Бірақ, түсінгісі келмейді. Кеңестік идеология әбден қанына сіңіп кеткендер ғұлама бабамызды қайдан білсін?! Бұдан хабардар болған қала әкімінің сол кездегі орынбасары Сұлтанбек Сүгірбаев мырза басқа тәсілге көшті. Алаң аумағында тұратын көпқабатты үйлерде бірнеше күн электр жарығын сөндірмеуді диспетчерге тапсырды. Ал біз түсіндіру жұмыстарын жүргізе бердік. Сөйтіп, алаң тұрғындарының 52 пайызы ұсынысымызды қолдап, 48 пайызы қарсы болды. Қалалық мәслихаттың сессиясында да небәрі екі ғана депутаттың дауыс басымдығымен ұсынысымыз қабылданды. Осылай тыным таппай жүріп, төрт том құжат әзірлеп, Ленин атауын әл-Фарабиге ерең өзгерттік» дейді Қабекең.

Ұлтқа деген ұлы сезімнің және тынымсыз тірліктің арқасында Шымкент қаласы 90-жылдан бастап, біртіндеп қазақшалана бастады.

Қабыл Дүйсенби Шымкент қалалық әкімшілігі жанындағы Тіл басқармасының бастығы, Ұлт саясаты жөніндегі комитеттің төрағасы болып аянбай еңбек етті. 1997 жылы Шымкент қалалық Тіл басқармасының жанынан республикадағы тұңғыш «Мемлекеттік тілді оқыту орталығын» ашқан. Саналы ғұмырын мемлекеттік тілдің көсегесін көгертуге арнаған Қабыл Тұрарұлының еңбегі ерен! Ол ана тілінің мүддесі үшін күресе жүріп, тілдің киесі бар екенін ұққанын былай баяндайды. «Әлі есімде, 1994 жылы Шымкент қорғасын зауытына тіл мәселесінің жайымен танысуға бардық. Бірақ, зауыт директоры бізге құлақ аспады. Тіпті, «біз, бүкіл қаланы асырап отырмыз, сендер кімсіндер?!» деп күзетпен қуып шықты. Тексеруге бірге барған облыстық Тіл басқармасының бас маманы Жібек Мұсаева бұған шыдай алмай жылап жіберді. Арада жылдар өтті. Қорғасын зауыт тіпті өзін-өзі асырай алмайтын күйге жетті. Мұны ұмытып та кеткен едім. Бірде әлгі директорды бір тойда көргенімде, ол менен 1994 жылғы өрескел қылығы үшін кешірім сұрады. Міне, тілдің киесі деген осы!» деген қазақ тілінің жанашыры Қабыл аға.

2001 жылдан ОҚО Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасында, ҚР Мәдениет министрлігінде жұмыс істеп, облыстық Тілдерді дамыту басқармасында бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. Ия, сырт қараған кісіге қарапайым ғана болып көрінетін Қабыл Дүйсенбидің қазақ мүддесі үшін еткен еңбегі ерен. Кешегі күні «Жүз жаңа есім» жобасына үміткер ретінде ұсынайық дегенде қарсы болғаны да осы қарапайымдылығынан болса керек.

«Ұлттық мүддені қорғау жолында аянбаған «Қазақ тілі» қоғамының төрағалары мен белсенді мүшелерін және Н.Сүлейменов, Т.Байтас, Ш.Пірмат, К.Сыздықов, Х.Есеқарақызы, Т.Қуанышева, Ә.Сұлтанбеков, И.Жолаев, Ж.Тұяқбаев, Ш.Орынбай, М.Рүстемов, Б.Қонысбек, Ү.Қарасаев, Н.Жүзбаева, Ұ.Өтегенова, Қ.Омаров, Қ.Төретай, Қ.Рысбеков, Ж.Күздеубаев, Ш.Орынбеков, Ырысбала апай, Бибінұр, Е.Боранбаев, Қ.Маджанов, Дархан аға, Сырым, Серіпхан, З.Сералиева, М.Тілеуқабылова, Е.Көшербай, М.Құдияров тағы басқа жүздеген зиялы қауым өкілдерін бүгінгі жастар сырттай білгенімен, бірақ олардың ерен еңбектерінен хабарсыз. Сонымен қатар, Абай, әл-Фараби, Еңбекші аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағалары болған Н.Әуесбаев, Ө.Сүйіндіков, Қ.Ілиясов, тағы басқа көптеген азаматтардың ұлт деп соққан жүректерінің дүрсілі бүгінгі қаймана қазақ ортасы атанған Шымкентпен бірге. Сонау 90-шы жылдары Шымкентті қазақыландыру ісінде «Оңтүстік Қазақстан», «Шымкент келбеті», «Замана», «Айғақ» тағы басқа да басылымдардың басшылары мен осы ұжымдардағы журналистердің және «Қазақстан - Шымкент» телерадио қызметкерлерінің үлесі мол болды. Олар Мемлекеттік тілдің мәртебесін үстем етуде үнемі қолдау көрсетіп отырды» – дейді Қабыл Дүйсенби.

Бақытгүл АУДАНОВА,
Шымкент қалалық «Қаламгер» қоғамдық бірлестігінің мүшесі

БІТІМ

СОТҚА ДЕЙІНГІ ХАТТАМА – ТАТУЛАСУ ТЕТІГІ

Жыл басында Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне татуласу және бітімге келу рәсімдерін тиімді жүзеге асыру бағытында өзгерістер енгізілді. Сотқа дейінгі хаттама ұғымы енгізіліп, татуласу тетіктері кеңейтілді.

Сотқа дейінгі хаттама талабына сәйкес, татуласу тетіктерімен шешілуге келетін және келмейтін дау-жанжалдарды татуластырушы судья іріктейді. Яғни, татуластырушы судья сот өндірісіне берілетін талап қоюларды сүзгіден өткізіп, соттың қарауына жатпайтын талап қоюларды уақытында қайтарып немесе қабылдаудан бас тартады. Бұл әрекеттер Азаматтық процестік кодекстің 151, 152-бабтарымен реттеліп, судья 5 жұмыс күні ішінде процестік шешім қабылдайды.

Содан кейін судья оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен немесе жалпы тәртіппен қаралатын талап қоюлар бойынша тараптарды шақыру қағазын, сотқа дейінгі хаттама нысанымен талап қою түскен сәттен келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тараптарға жолдайды. Татуластыру рәсімі – 10 жұмыс күні ішінде, сотқа дейінгі хаттама жасалған кезде – 15 жұмыс күнінің ішінде әңгімелесу күні тағайындалады. Тараптардың татуласу рәсіміне қатысу туралы пікірі жазбаша арызда көрсетілуі тиіс.

Судьяға тараптардың татуласқандығы жөнінде өтінішхаты түскен жағдайда, азаматтық іс қозғау және істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым қабылдап, тараптардан сотқа дейінгі хаттаманы және басқа да құжаттарды ұсынуды міндеттеуі тиіс.

Татуластырушы судьяға татуласу келісімі түскен соң, судья алдын ала сот отырысын тағайындап, онда келісімдегі шарттардың заң талабына сәйкестігін және үшінші тұлғалардың құқығына зиян келтірмейтіндігін тексеріп, істі тоқтату және келісімді бекіту туралы ұйғарым қабылдайды. Ескере кететін жай, судья сотқа дейінгі хаттаманы бекітпейді, тек келісім ғана бекітілуі тиіс.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен келісімді бекіту туралы ұйғарымды қабылдау кезінде, алдын ала сот отырысы тағайындалмайды. Тараптар татуласу рәсіміне қатысудан бас тартса, сотқа дейінгі хаттаманы жасамаса, 10 жұмыс күннің ішінде судья талап қоюды сот кеңсесіне қайта бөлу үшін өткізуі керек. Сотқа дейінгі хаттама жасалып, алайда талаптарды тараптар орындамаса, татуласу рәсімі нәтижесіз болса, судья 15 жұмыс күннің ішінде талап қоюды сот кеңсесіне қайта бөлу үшін анықтама парағымен бірге өткізу керек. Анықтама парағында судья тараптардың қанша рет татуласу рәсіміне сотқа шақырылғаны, судьяның талап қою бөлінгенге дейінгі әрекеттерін көрсетуі тиіс.

Бүгінгі күні сотқа дейінгі хаттама арқылы азаматтар өзара қолайлы шарттарға келісіп, бітімгершілік жолмен даулар шешілуде. Оған дәлел жыл басынан бері облыс бойынша татуластырушы судьялар сотқа дейінгі хаттама арқылы 82 істі аяқтаған. Ал 50 іс бойынша тараптар арасындағы даулар татуласу келісімімен аяқталған.

Ардақ СМАҒАМБЕТОВА,
Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚҰҚЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Шымкент қаласының Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты «Кәмелетке толмағандардың және жасөспірімдердің жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар бойынша іс-әрекетті саралаудың кейбір мәселелері» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізді.

Оған қаланың төрт ауданының прокурорлары: Жасұлан Әділбайұлы (Абай ауданы), Қантөре Хандиллаев (Әл-Фараби ауданы), Файзолла Тұрымов (Қаратау ауданы), Нұрлан Махадилов (Еңбекші ауданы), қалалық прокуратураның басқарма бастығы Нұржан Серікбаев, ІІД Тергеу басқармасының бастығы Дәулеткелді Әбдіраманов, қалалық сот судьясы Назира Аманқұлова, адвокаттар алқасы қатысты.

Дөңгелек үстел мәжілісіне төрағалық етуші Шымкент қаласы мамандандырылған ауданаралық сотының аса ауыр қылмыстық істер жөніндегі сот төрағасы Әбсаттар Шахидинов кәмелетке толмағандардың және жасөспірімдердің жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстарды саралай келгенде, тергеу сапасының төмен деңгейде жүргізілетініне назар аударды. Жасұлан Әділбайұлы жасөспірімдердің жыныстық тиіспеушілігіне қатысты қылмыстардың аудандарда мүлдем аз тергелетінін, жоғары тұрған қылмыстық кудалау орындарының өз өндірісінен шығармайтынын, тергеу сапасы мен қадағалаудың босаңдығы осындай жағдайлардан туындап жататынына мән берді.

Шараға қатысушылар, сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың және жасөспірімдердің жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстарды міндетті түрде әйел адамның тергеуі керек деген мәселені біржақты қарамау туралы ойлары мен Қылмыстық кодекстің 124-бабының (Жас балаларды азғындық жолға түсіру) 4-ші бөлігі мен 121-бабқа түзетулер мен толықтырулар енгізу керектігі жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

Сейітхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №37 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31